

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№3 | 2023

ZANMEDIA.KZ

**АНАҢ БАРДА
ӘРДАЙЫМ
СЕН БАЛАСЫҢ**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№3 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Анаң барда әрдайым сен баласың

Н. Қарабаев

3

Банкроттыққа өтінішті тек борышкерлер береді

Е. Бақытжан

9

Алдау ниетімен жасалған мәмілелер дауланады

Ш. Бидахметова

11

Тергеушінің кәсібилігі шындыққа жеткізеді

Ж. Жансеитова,

А. Байгеленова

13

Сот реформалары өркениетке бастайды

А. Оспанбеков

18

Кибер қылмыстың құқықтық негіздері

Д. Мукамеден

20

Жеке басты тінту мен санкциялаудың мәселелері

А. Иманкулов

24

Қоғамдық ар-ұждан соты

Ә. Қарекенов

28

Мемлекеттік рәмізді қорлағандарға жаза бар

Ш. Әлдибекова,

А. Әсенғазы

31

Қарыз алардан бұрын, береріңді ойла!

Г. Бекежанова

33

Балаға жасалған қамқорлық зая кетпейді

Т. Қапанов

35

Еңбек құқығын қорғау өзекті

Е. Ержанұлы

37

Қайран да сол бір жылдар-ай!..

Ш. Алжамбай

40

АНАҢ БАРДА ӘРДАЙЫМ СЕН БАЛАСЫҢ

Бала кезімізде ата-апаларымыздың «жүз жасқа келсең де анаңның көңілінде бала күйінде қаласың» дейтін сөзіне күле қараушы едік. Бүгінде ердің жасы елуден астық. Әйтсе де, анама мен сол баяғы кішкентай қара баламын. Жас баладан бетер қамқорлық танытып, бәйек болады. Тіпті, кейде қарның ашып қалған жоқ па деп те сұрайтыны бар. Сондай сәтте жүрегім елжіреп, көңілім босайды. Үлкендердің дәл айтқанына тәнті болам.

Жарық дүниеде анасына ән-жыр арнамаған ақын, сазгер, анасы жайлы жазбаған жазушы, анасы туралы жылы лебізін қағаз бетіне түсірмеген адам кемде-кем шығар, сірә.

Бәрі де, Ана,

Бір өзіңнен басталды.

Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды....

Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді,

Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді, –

деп қазақтың Қадірі атанған ақын Қадыр Мырза-Әлі жырлағандай, алтын құрсақтан басталған тіршілігімізде тоғыз ай, он күн көтеріп, жарық дүниеге алып келгенінше жарғақ құлағы жастыққа тимей жағдайымызды жасаған аналарымыздың еңбегін адамзаттың асылы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өзі «Жәннәт – аналардың аяғының астында» – деп, жәннаттан жоғары бағалаған.

Ал, жер жүзінің жартысын жаулаған жаһан әміршісі Шыңғыс хан «Таңдайымды аққа жарытып, аяғымды үзеңгіге, қолымды аттың жалына жеткізген анама мың тағзым»



Нұржан ҚАРАБАЕВ,
Алатау аудандық сотының
судьясы

деп, ешкімнің алдында иілмеген басын әзіз анасына иген. Әлем тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі Махатма Гандидің анасы туралы естелігіндегі «Арайлап атқан күннің өзі оның күйбең тірлігіне сәйкес жылжитындай көрінетін» деген теңеуі, тіпті, керемет.

Ананың мейірімі ұлтқа немесе белгілі бір аумаққа, түр-түске бөлінбейді. Оның жан-жүрегінің жылуы мен ұрпағына деген шексіз махаббаты жер шарының барлық нүктесінде жарқырап тұра береді.



АНА

*Бесікте – Ана, бесікте – бөбек:
Бірі тербеледі, бірі тербетеді.
Бал-бөбек былдыр, өсіп те келеді,
Анаға жалғыз, сол жсетеді.*

*Ана, Ана, қайран ана!
Тербейді Ана әлемдегі күлкіні,
Нұр себеді аналардың кірпігі
Өліге де ояуға,
Ана дайын біреу үшін жылауға,
Біреу үшін аяуға.*

*Тербейді Ана қуанышты, бақытты,
Тербейді Ана – тебіренеді жаны шын.
Тербейді Ана уақытты;
Барлық әлем – бір-ақ бесік Ана үшін.*

*Тербейді Ана бөбегін,
Сол арқылы тербетеді өз елін,
Құмын, тауын, өзенін.
Тербейді Ана көлеңкені, шуақты –
Планетаның алақаны сияқты...*

Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ



Әйгілі жазушы Мұхтар Мағауинше айтсақ, «Әлемдегі ең сұлу – қазақ әйелі: менің анам, менің жарым, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі» бола білген әйелдер қауымын 8-Наурыз мерекесімен шын ниетіммен құттықтаймын. Әрқашан да жайнап-жарқырап, бақытты ғұмыр кешіңіздер!

Ананың хақы – Құдайдың хақы

Менің асыл анам Шарипа Омарбайқызы биылғы 8 наурызда өмірінің 85-інші беліне аяқ басады. Анамның осынау мерейлі жасында перзенттік алғысымды қағаз бетіне тізбектеу арқылы білдіруді жөн көріп отырмын. Өйткені, елдің ертеңі үшін ұрпақ санын көбейтіп, олардың өмірден өз орындарын табуы жолында күнді-түнге, түнді-күнге ұластырып, уақытпен санаспаған аналар еңбегі ерен. Қорқыт бабамыз айтқандай «Ананың хақы – Құдайдың хақы» екенін ескерсек, сол еңбектерін паш етіп, әрбір ісіміз арқылы қуанта алсақ, бұл үлкен бақыт емес пе?!

Анам өзінің қарапайым отбасынан шыққанын, әке-шешесінің мал шаруашылығымен айналысқанын ылғи да айтып отырады. Сыр өңірінің сұлу қызы әкеме 16 жасында жар болып, төрт ұл, екі қызға өмір сыйлады. Қарабай әулетіне түскен 69 жыл ішінде отбасы тамырының тереңге, жапырағының кеңге жайылуына, яғни, өсіп-өнуіне бар ғұмырын арнаған бала келін – бүгінде дана әже атанды.

Бұл жолда анам көрген бейнеттің тең жартысы көз алдымыздан өтті. Оң-солын танып үлгермеген жас келінге зағип енеге күтім жасау оңай болмағаны анық. Көзі көрмейтін әжемнің бар жағдайын жасап, жас баладай қарады. Мәңгілік мекеніне арулап аттандырды. Ел-жұртына, ата-енеге адал қызметімен жақты. Жас күнінде-ақ үлкендердің батасын алып, алғысына бөленді.

Ұл-қыздарымен бірге



Ағамның қазасы ауыр тиді

Анам тағдырындағы ең ауыр әрі қиын сәттерді бауыр еті балаларынан, сондай-ақ, жан жолдасынан, ата-ана, жақын-жуығынан айырылған уақытпен байланыстырады. Тұңғышы сәби кезінде шетінесе, ортаншы ұлы Қайрат 43 жасында ауырып қайтыс болды.

Құдай қосқан қосағынан 58 жасында қалды. Арыстай ұлынан айырылу 72-дегі анама ауыр тиді. Ағамның қазасы отбасымызды, әсіресе, анамды есеңгіретіп кетті. «Атамдатсаң да, ботамдатпа» дегенді дана халқымыз осындайда айтса керек. Анам жүрегі езіліп, қабырғасы қайысып, бірден шөгіп кетті.

Әке-шешеміз бізді қатарымыздан кем қылмай өсірді, жаман істен жиреніп, жақсысын үйренуге тәрбиеледі. Ең бастысы алдымызға мақсат қоя білуге және оған жету жолында аянбай еңбек етуге баулыды. Бүгінгі біздің әрбір жетістігіміз ата-анамыздың маңдай тер, табанақысының жемісі десем қателеспеспін.

Балаларын кез келген жағдайда қолдап отырады

Үйдің кенжесі болған соң ба өз басым апама ерекше жақын өстім. Әр отбасын-




дағы кенже балалар сияқты үлкендердің бар ықылас пейілі маған арналды. Әсіресе, анамды өзіме меншіктеп алдым. Ол да мені айрықша мейірімі мен жан-шуағына бөледі. Кішкентай демей әр сөзіммен санасты. Кез келген жағдайда қолдап, қатты еркелетті.

Балаларын дені сау, жақсы азамат етіп өсіру әр ата-ананың арманы. Олар отбасында он бала болса да, солардың әрқайсысы үшін шыбын жаны шырқырап, отқа түсуге дайын тұрады. Менің анам да осындай жандар қатарынан. Біреуіміз ауыра қалсақ, жазылғанымызша жаны қоса қиналады. Кейде хабарласпай кетсек, есі шығып күні-түні уайымға беріледі. Онысын бізге білдір-

гісі келмегенімен, сөйлескен сәтте сезіліп қалатын.

Анамның өзім қадірлейтін ерекше қасиетінің бірі ешуақытта бетімізді қайтарып, қатты кейіген емес. Бізді әрбір сөзінде бірлік пен татулыққа үндеп отырады. Ол кісінің айтқанын екі етпей, бір-бірімізді сыйлау-қадірлеу біздің бойымызға бала күннен сіңген тәрбие. Осыған өзім іштей шүкірлік етіп, анама ризашылығымды білдіремін.

Қайратынан тараған немере-шөберелерін бауырына басып ұлының көзіндей келінімен бірге тұруды қалаған анам қазіргі күні ағамның балаларымен бірге Шымкентте қара шаңырақта отыр.



Қ
у
т
т
ы
қ
т
а
у

АДАМ ҰРПАҒЫМЕН КӨРІКТІ

Алатау аудандық сотының атынан әріптесіміз Нұржан Ерубайұлының аяулы анасы Шәрипа апамызды 85 жасқа толуымен және барша аналарды 8 Наурыз мерекесімен құттықтаймын.

Ел сотының дамуында өзіндік үлесі бар, мықты заңгер, кәсіби судья, адал дос, үлкенге іні, кішіге аға бола алатын Нұрекеңдей ұл өсірген анамызға әрқашанда құрметіміз шексіз.

«Адам ұрпағымен көрікті» дейді зой даналарымыз, Шәрипадай ақылман ананың тәлім-тәрбиесіне сусындаған ұл-қыздары мен немере-шөберелері барлық уақытта ұлт мақтанышы боларына сеніміміз зор.

Қадірлі Шәрипа Омарбайқызы, мерейлі мерекеңіз құтты болсын! Жүзіңізден шуақ, бойыңыздан қуат кетпесін. Ұрпағыңыздың рахатына кенеліп, бақытқа бөленіп, аман-есен жүруіңізге тілектеспіз.

Ғалым БЕКБАТЫР,

Алматы қаласы

Алатау аудандық сотының төрағасы

Анам әкеме адал жар ғана емес, сонымен бірге сенімді серік те бола білді. Әкем де, шешем де бізді үнемі қолдап отырды. Олардың әрбір сөзі жігерімді жанып, алға ұмтылдыратын. Жеке шаруамызға, отбасылық өмірімізге араласпай, әрқайсысымыздың шаңырағымызда бақ-береке, тыныштық болғанын қалады.

Ұрпағының алдында әкеміздің беделін биіктетіп, айбарын асырды. Балаларына мейірбан ана, отағасына адал жар, ата-енеге қамқор келін, туған-туыстың жанашыры болуды өмірлік ұстанымына айналдырған анама айтар алғысым шексіз.

Қара шаңырақтың киесі

Өмірден көргені көп, түйгені мол анам ұрпақ тәрбиесінен де сырт қалмайды. Жастарға келін болып барған жерін бағалау, ата-енеге қамқор болу, үлкенге ізет, кішіге құрмет тұрғысындағы мәні бар кеңестерін айтып отырады. Барған шаңы-





раққа судай сіңіп, тастай бату, өсіп-өну келіндерге үлкен жауапкершілік жүктейтінін түрлі мысалдармен өнеге етеді. Анам бүгінде немере-шөберелерінің рахатына бөленген

бақытты әже. Үлкен кісілердің қара шаңыраққа асығып тұратыны қашанғы әдеті емес пе? Бар ықыласымызбен аяласақ та анамыздың бізге келуінен қара шаңыраққа қайтуы жылдам. Бұл қасиетін анамның қара шаңырағын қадірлеуі, түтінін түзу ұшырып, құтты ошағын қыдыр тұтуы деп бағалаймын.

Ата-анамыздан бізге бағалы дүние-мүлік, асыл тас қалған жоқ. Біз үшін олардың мұра етер басты байлығы – адалдық, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу сынды тағылымды тәрбиесі болмақ.

Мерейлі жастың шыңына шыққан алтын анамды 85-інші көктемімен ізгі ниет жан жүрегіммен құттықтаймын. Жабыққанда сағынышым, тарыққанда ақылшым болған анашыма жаратушыдан мықты денсаулық сұраймын.

Аялаған анашым,

Ұрпағыңа сүйікті әже-анасың.

Теңдесі жоқ данасың,

Қартаймашы анашым.

Анаң барда, әрдайым сен баласың, деп жүрекжарды тілегімді білдіргім келеді.

Алматы қаласы

Тақырыпқа тәуелді



Нәресте жарық дүниеге келерінде: «Иә, Жаратушы ием, маған өмір беріп, мен білмейтін ортаға шығарғалы жатырсың. Көп рақмет, бірақ, мен ол ортаның тамағымен қоректеніп көргенім жоқ, оған қалай үйренем? – деп сұрайды. Ол үшін уайымдама, жаныңда менің періштем болады, сол үйретеді, – дейді. Тағы сәби: Мен ол елдің тілін білмеймін, тамақты қалай сұраймын? – дегенінде оны саған періштең үйретеді, – дейді. Жарайды, бірақ, мен олардың әдет-ғұрпын, салтын білмеймін ғой, – дегенінде Жаратушы: Осының бәрін де бірінші күннен періштең үйретеді, – дейді. Мақұл– деп шыға берген сәби қайта айналып: Ғафу етіңіз, тағы бір сауалым бар еді. Сонда мен ол періштеңізді қайдан табам, тым болмаса атын айтыңызшы, – дегенде, ол періштеңнің аты – Ана»– деген екен Жаратушы.

БАНКРОТТЫҚҚА ӨТІНІШТІ ТЕК БОРЫШКЕРЛЕР БЕРЕДІ

Соңғы жылдары бір миллионнан астам ел азаматы коммуналдық және салықтық төлемдер бойынша, несиелерді дер уақытында өтей алмаған. Бұл мәселеге мемлекет басшысы бейжайлық танытпай, арнайы заң қабылдау қажеттігін тапсырған болатын. Соған орай, өткен жылдың соңында ел Президенті «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңға қол қойды. Осы заңның қолданылу барысын халыққа түсіндірер болсақ, қарыздарын өтей алмай жүрген азаматтар наурыздан бастап банкроттық туралы өтініш бере алады.



**Ерлан БАҚЫТЖАН,
Ырғыз аудандық сотының
төрағасы**

Аталған заңда банкроттықтың үш түрі қарастырылған, нақты айтсақ, соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Бұлардың барлығы қарыз алушының бастамасымен жүзеге асырылады. Яғни, банкроттыққа өтінішті тек борышкерлер ғана жаза алады. Несие берушілерде мұндай құқық жоқ.

Соттан тыс банкроттық – банктер мен микроқаржы ұйымдары, сондай-ақ, коллек-

торлық агенттіктер алдындағы қарыздарға қолданылады. Бұл бойынша қарызының көлемі 5 жарым млн теңгеден аспайтын және ол соманы бір жыл бойы төлей алмай жүргендер өтініш бере алады. Бірақ, бұлардың меншігінде тіркелген мүлік, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлік болмауы керек.

Өтініш электронды үкімет порталы

арқылы да беріледі. Банкроттық туралы өтініш бергенде заң талаптарын қатаң сақтау керек. Себебі, борышкердің тиісті критерийлерге сәйкестігі тексеріледі. Әрі банкрот болған азаматқа үш жыл бойы қаржылық мониторинг жүргізіледі.

Ал, сот банкроттығы – мүлктік масса есебінен кредиторлар талаптарын қанағаттандыру мақсатын көздейді. Сот арқылы банкрот болғандардың мүлкі сатылады. Бірақ, несие беруші сот арқылы банкроттық барысында борышкердің жалғыз баспанасын тек ол кепіл нысанасы болған жағдайда ғана алуға құқылы. Егер борышкер барлық ақпаратты шынайы берсе, яғни, мүлкін, т.б. жасырмаса қалған өтелмеген сома есептен шығарылады.

Сот арқылы банкроттық рәсімін қаржылық басқарушылар жүзеге асырады және олардың қызметіне төленетін ақы борышкер мүлкі есебінен жүргізіледі. Ал, әлеуметтік осал топтарына жататын және мүлкі жоқ тұлғаларға мұндай қызмет тегін көрсетіледі.

Айтып өтерлігі, борышкер өтінішті сотқа жазбаша береді. Банкроттық туралы іс қозғалған жағдайда борышкердің мүлкіне қатысты басқа сот актілерінің орындалуына тыйым салынады. Сондай-ақ, кредиторлардың, мемлекеттік кіріс органы мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді немесе жинауды жүзеге асыратын өзге де уәкілетті мемлекеттік органның талаптары, оның ішінде даусыз тәртіппен қанағаттандырылуға жататындар бойынша борышкердің банктік шоттарынан ақша өндіруге, мүлкін өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Банкроттық туралы істі қозғау туралы сот ұйғарымы шығарылған күннен бастап, борышкер қажетті іс-әрекеттерді уақытша басқарушымен келісіп отырып жасайды. Уақытша басқарушы әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдардың қатарынан сот ұйғарымымен белгіленеді. Өз кезегінде басқарушы ақпарат жинап, бекітілген сату жоспарына сәйкес мүлкті өткізуге, сондай-ақ, борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді

сот шешімі шығарылғанға дейін жинауға міндеттеледі. Мұндай мәліметтер борышкердің төлем қабілетсіздігі белгілерін анықтау үшін бухгалтерлік және қаржылық құжаттарының негізінде жиналады.

Сот отырысына борышкерден өзге уәкілетті орган, прокуратура, несие берушілер мен іске қатысы бар адамдар қатысады. Егер борышкер сот отырысына келмесе, оны мәжбүрлі түрде келтіру туралы соттың ұйғарымы шығарылады. Борышкерді банкрот деп тану туралы өтініш берген кредитор келмеген жағдайда сот өтінішті қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарады.

Бұған қоса төлем қабілеттілігін қалпына келтіру – бұл жерде азаматтарға борышты сот арқылы бөліп төлеу мүмкіндігі берілді. Бұл норма борышкер мен қарыз берушінің келісімі болған кезде ғана жүзеге асырылады. Айтып отырған шараның басты артықшылығы банкроттық үшін көзделген салдарлар қолданылмайды. Тұрақты кірісі барлар үшін өте тиімді әдіс. Яғни, борышкер өтей алмай жүрген қарызын 5 жыл ішінде бөліп төлеуге қол жеткізеді. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіргісі келетіндер ескерерлік жайт, борыш мөлшері қарыз алушыға тиесілі мүлктің құнынан аспауы керек.

Төлем қабілетін қалпына келтіру сотпен бекітіледі. Қалпына келтіру мүлктің бір бөлігін сатуды немесе оны жалға беруді, сондай-ақ, тұрғын үйді сатуды оны құны төмен пәтерге айырбастауды, т.б. шараларды қамтиды.

Азаматтар банкроттықтың өзіндік салдарлары барын да білулері тиіс. Мысалы, банкрот болғандар 5 жылға дейін несие ала алмайды. Бірақ, ломбардтар мен микрокредиттер қызметіне жүгінуге құқылы. Бұған қоса олар банкроттыққа жеті жылдан кейін ғана қайта жүгіне алады.

Заң негізінен азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіруді көздейді. Сондықтан, азаматтар құқықтарға сай жауап беретін міндеттердің де бар екенін түсінулері керек.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АЛДАУ НИЕТІМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР ДАУЛАНАДЫ

Ел халқының құқық сауаты мен мәдениетін көтеруге жалпы заңгерлер қауымы, оның ішінде сот, прокуратура, әділет, т.б. органдардың қызметкерлері атсалысып жатыр. Бұл мақсатта құзырлы органдар тарапынан түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірілген жағдайда азаматтар тиісті органдар қызметіне жүгіну арқылы өздерін қорғай алады.

Әрине, бұл үшін заңдық, құқықтық біліктіліктің маңызы зор. Осы мақсатта біз көпшілікті мәмілелер бойынша туындайтын дауларға қатысты нормалардан хабардар етуді жөн санап отырмыз. Өйткені, мәмілелер қоғамның барлық саласында, сондай-ақ, адам өмірінің барлық кезеңінде кездеседі.

Алдымен мәміле ұғымына келсек, азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтарын, сондай-ақ, міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттердің мәмілелер болып танылатыны Азаматтық кодекспен айқындалған. Мәміле бір, екі немесе көпжақты шарттардан тұрады. Шарт мүдделі тұлғалардың қалауымен ғана жасалады және



Шынар БИДАХМЕТОВА,
Панфилов аудандық сотының судьясы

аталған кодексте көрсетілгендей, біржақты мәміленің жауапкершілігі оны жасаған адамға жүктеледі. Ал, басқа адам заңда көзделген немесе өзінің келісімі болған кезде ғана міндет алады.

Мәміле ауызша және жазбаша жасалып, заңға, сондай-ақ, тараптар талаптарына қайшы келмеген жағдайда қол қоюда

факсимилелік көшірме мен электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалануға жол беріледі. Сонымен бірге, жазбаша мәмілені орындаған тарап екінші жақтан оның орындалғанын растайтын құжат талап ете алады.

Мәміленің жарамсыздығына қатысты дауларда талап қою мерзімі бір жылды құрайды. Бұл мерзім мысалы, мәміле қорқыту ықпалымен жасалған жағдайда, мұндай әрекет тоқтаған немесе талап қоюшы мәміленің жарамсыздығына негіз болатын мән-жайларды білген күннен бастап есептеледі. Мазмұны заң талаптарына сай келмейтін, сондай-ақ, құқықтық тәртіп негіздеріне қайшы жасалған мәмілелердің даулануы заңмен қарастырылған.

Есте ұстарлығы, алдау, қорқыту, қанау, күш көрсету немесе көз бояушылық, қулық сынды теріс пиғылмен жасалған мәмілелердің заңдық күші болмайды. Мысалы, көзбояушылықпен жасалған мәмілелердің бір түріне автокөлікті сату шартымен емес, оны пайдаланып жүргізуге сенімхатпен беру жатады. Алдау ниетімен жасалған мәміле сотта мүдделі тұлғаның, тиісті мемлекеттік органның немесе прокурордың талап арызымен жарамсыз деп танылады.

Мәмілелерді жарамсыз деп тануға негіз болатын нормалар Азаматтық кодекстің 158-160 баптарында нақтыланған. Егер жазбаша мәміле туралы дау туса тараптардың оның жасалып, орындалғанын куәгерлік айғақтардан өзге дәлелдермен ғана растау мүмкіндігі бар. Жазбаша мәміленің заңмен белгіленген талаптары сақталмаған кезде ол маңызсыз болып саналады. Мәміленің маңызсыздығы туралы дауда оның жарамсыздығы сотпен белгіленеді.

Нотариатпен куәландырылған мәмілені тараптардың бірі үшінші жақтың құқығына нұқсан келтірмей орындаса сотта ол мүдделі адам арызының негізінде жарамды деп танылады. Аталған кодекстің 155-бабымен айқындалғандай, заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге тиіс мәмілелер тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

Тараптардың бірі мәмілені мемлекеттік тіркеуден өткізуді қаламаса, екінші жақтың сотқа мәміле бойынша құқықтарды тіркеу туралы талап қоюға құқы бар. Мұндай жағдайда мәміле сот шешіміне сәйкес тіркеледі. Дауланатын және маңызсыз мәмілелер заңдылығы Азаматтық кодекспен жан-жақты реттелген.

Жарамсыз мәміленің өзіндік салдарлары бар. Мұндай жағдайда тараптардың әрқайсысы екінші жаққа алған затының бәрін қайтаруға міндетті. Заттай қайтару мүмкін болмаса, оның құнын ақшалай беріп, көрсетілген қызметақыны өтейді. Мәміленің жарамсыз болуына кінәлі тараптан екінші жаққа келтірілген залалдар сотпен өндірілуі мүмкін.

Мәміленің қылмыстық мақсатта жасалғандығы мен құқыққа қайшылығы анықталса, онда мәміле бойынша алғандарының барлығы тәркіленеді. Мәмілелерді жарамсыз деп тану және олардың жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы істерді қарауда соттар талаптың нысаны мен негізін, іс үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды зерттеп, тараптардың құқықтық қатынастарын анықтайды.

Осыған орай, Азаматтық кодекстің 9-бабына сәйкес, мәміленің сотпен жарамсыз деп танылуы азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерінің бірі саналады. Бұл тұрғыда заң талабына сай, тараптар барлық елеулі талаптар бойынша келісімге келсе шарт жасалған болып есептеледі. Азаматтар мен заңды тұлғалардың шарт жасасу мен ондағы талаптарды айқындауға еріктілігі Азаматтық кодекстің 380, 382-баптарында көзделген.

Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне тиесілі құқықтарды жүзеге асыруда заң талаптары мен адамгершілік қағидаларын сақтаулары тиіс. Себебі, өтірік пен қулықтың соңы әрқашан да жауапкершілікке әкеледі. Кімнің болса да басқа адамдарға зиянын тигізіп, құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруіне ел заңдарымен тыйым салынған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ТЕРГЕУШІНІҢ КӘСІБИЛІГІ ШЫНДЫҚҚА ЖЕТКІЗЕДІ

Бүгінгі таңда біздің елімізде құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жағдайында қылмыстық іс жүргізу саласында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызы зор. Қылмыстық іс жүргізу шараларының негізгі міндеті заңды мүдделерді қорғау және адамдар мен ұйымдардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру болып табылады, бұл өз кезегінде заңдылықты нығайтуға және қоғамдағы құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алуға ықпал етуі тиіс. Алдын ала тергеу қылмыстық процесс аясында үлкен рөл атқаратындығына назар аударғым келеді – қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды анықтауға бағытталған қызмет, яғни, тергеуші өткен уақытта жасалған қылмыс оқиғасын қазіргі уақытта табылған «іздерге» сүйене отырып қалпына келтіруге қабілетті болуы керек.



Кәсібилік туралы айтқанда, алдымен «құзыреттілік» ұғымына тоқталу керек. «Құзыреттіліктің» заманауи модельдерінің негізінде білім, білік және дағды жатыр. Бұл адам қызметінің кез келген саласына қатысты. Алайда, тергеушінің жұмысы, оның ерекшелігіне байланысты, қылмыстық оқиғаның жағымсыз жағдайымен, сондай-ақ, уақыт тапшылығы жағдайында өзінің кәсіби міндеттерін орындау қажеттілігімен, айтарлықтай психо-эмоционалды жүктемелермен және т.б. Конституция мен қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қатаң

сақтау жағдайында әрекет ету қажеттілігімен байланысты. Қазіргі өмірдің қарқыны тергеу процестеріне әсер ете алмайды. Бұл жағдайда тергеушінің эмоционалды тұрақтылығы проблема болып қала береді.

Тергеушінің кәсіби құзыреттілігі көптеген компоненттерден тұрады. Құзыреттер тізбесін С.В. Ковальчишина тарқатып айтты өткен. Оған: арнайы, коммуникативтік, аутокомпетенттілік, жазбаша және ауызша сөйлеу дағдылары, ұйымдастырушылық, іздестіру-қайта құру дағдылары кіреді [1.6 73]. Тергеудегі жаңа жағдайдың тағы бір

ерекшелігін атап айтсақ, егер біз бірнеше ондаған жылдар бойы тергеушілердің тар мамандану тенденциясын байқасақ, онда біздің ойымызша, қазіргі жағдайлар «коммуникативті» проблема болды. Қазіргі таңда заманауи технологиялардың дамуы және олардың қылмыспен күресу саласына келуі сөзсіз тергеушінің жұмысын жеңілдетті, десек те бұл процестің кері жағы да сөзсіз, атап айтқанда қызметкердің ми қызметін жандандыру, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, ойларды дәл тұжырымдау және диалог жүргізу қажеттілігін жоғалтып алуында үлкен мәселе туындап отыр.

Ғалымдардың пікірінше: И.Е. Реуцкая., О.И. Бродченко және Е.С. Морар зерттеулері бойынша «тергеушілер мен анықтаушылардың кәсіби коммуникативті құзыреттілігі бірқатар қажетті компоненттердің болуынан тұрады: 1) қылмыстық процесс шеңберінде сындарлы қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке әлеует; 2) кәсіби қарым-қатынас үшін маңызды заңдылықтарды білу («алғашқы әсер эффектісі», «гало эффектісі», яғни ол туралы қалыптасқан жалпы әсердің әсерінен адамды қабылдау (мүмкін қауесеттердің әсерінен) және т.б., 3) кәсіби маңызды (әсіресе, қақтығысты) жағдайларда қарым-қатынас психотехнологиясы мен психотехникасын пайдалана білу» [2. б 16]. Тергеуші өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында тергеушінің жеке басының жалпы құрылымы осы қызмет арқылы сәйкесінше қалыптасады.

Айта кету керек, жеке тұлғаның барлық аспектілері еңбек қызметін сәтті жүзеге асыру үшін бірдей маңызды емес. Кейбіреулерінің түпкілікті нәтижеге айтарлықтай қызметі әсер етеді (оларды «кәсіби маңызды» деп атайды), басқалары мүлдем әсер етпеуі немесе аз әсер етуі мүмкін. Тергеуші өзінің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруы үшін тергеу органы қызметкерінің жеке құрылымының осы мамандықтың психологиялық құрылымына сәйкестігі нақты, кем дегенде толық емес болуы керек.

Тергеуші үшін кәсіби маңызды қасиеттердің ішінде келесі негізгі топтарды неме-

се түрлерді ажыратуға болады: іс жүзінде кәсіби (заңды сауатты білу және оны дұрыс қолдану қабілеті, коммуникативтілік, байқау және т.б.); моральдық – психофизиологиялық (алдын ала тергеудің ажырамас бөлігі болып табылатын стресстік жағдайларға төтеп беру қабілеті, әдептілік және т.б.); идеологиялық (идеялық) жалпы және саяси мәдениеттің тиісті деңгейі, жауапкершілік пен міндет сезімі).

Тергеушіге қажет кәсіби қасиеттердің қатарына психологиялық сипаттамалардың, жеке қасиеттердің кең спектрін жатқызу керек, оларды бағалаусыз тергеу органының болашақ қызметкерінің кәсіби жарамдылығын, оның бөлімінің жаңа жағдайында қалыптасуын болжау мүмкін емес. Осы қасиеттерді ашу үшін біз тергеушінің іс-әрекеті мен жеке басының психологиялық сипаттамасына жүгінуіміз керек, ол заң психологиясы мен құқықтану саласындағы көрнекті ғалымдардың еңбектерінде ұсынылған.

В.Л. Васильев тергеушінің кәсіби қызметіне тән алты жақты көрсетеді: реконструктивті, әлеуметтік, коммуникативті, танымдық, ұйымдастырушылық және куәландыру [3, 608 б]. Қайта құру қызметі қылмыстық іс бойынша жиналған ақпаратты талдаудан және осы талдау негізінде қылмыс жасалған жағдайды түсіндіруге ықпал ететін арнайы нұсқаларды ұсынудан тұрады. Тергеуші мамандығы «адам – адам» санатына жатады. Бұл оның қызметі әртүрлі адамдармен өзара әрекеттесуді орнату және сақтау дегенді білдіреді. Сондықтан, оның құрылымын құрайтын тергеушінің іс-әрекетінің әртүрлі деңгейлерін зерттеу кезінде коммуникативті жағы ерекшеленеді, яғни тергеуші ең алдымен стандартты емес және қиын жағдайларда әңгіме жүргізетін сұхбаттасушының жоғары қабілеттеріне ие болуы керек.

Тергеушінің қызметіндегі әлеуметтік жағы – алдын алу шараларын жүргізу, тергеушінің қылмыскерді түзетуге қатысуы, яғни қылмыстың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау және оларды жою үшін мүмкін шараларды қа-

былдау, халық арасында құқықтық насихат жүргізу және т.б. танымдық іс-әрекет – тергеушінің қылмыс оқиғасы туралы ақпаратты іздеуі және жинауы, криминалистік маңызды ақпаратты есептеу.

Қоршаған ортадан ақпарат. Бұл ақпарат қылмыс оқиғасын түпкілікті дәлдікпен қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Тергеушінің қызметіндегі куәландыру тарабы барлық қолда бар ақпаратты көзделген заңды нысанға келтіруден тұрады – бұл ақпаратты хаттамада, қаулыда және т.б. көрсету. В.Л. Васильев тергеу іс-әрекетінде жеке элементтердің бөлінуі шартты болып табылады, өйткені, нақты өмірде бұл компоненттер тығыз байланысты.

Ал, И.Н. Сорокотягин мен Д.А. Сорокотягина өз еңбектерінде тергеушінің кәсіби қызметінің бірнеше негізгі блоктарын ажыратады. Осындай блоктардың бірі – тергеушінің психологиялық сипаттамасы, оның құрылымын құрайтын элементтер: қылмыстарды тергеудің нұсқаларын жоспарлау мен ұсынудың психологиялық негіздері, тергеушінің психологпен өзара әрекеттесуінің психологиялық, тактикалық және моральдық аспектілері, сонымен қатар нақты тергеу әрекеттерін жасау психологиясы. [4, 312 б].

Тергеушінің қызметіндегі тағы бір компонент – бұл тергеуші қылмыстарды тергеуге және ашуға болатын білім. Бұл білім құқық саласындағы білімге әлеуметтік ғылымдар саласындағы білімге (осы саладағы негізгі компонент – психологияны зерттеу, оның білімі тергеушіге қылмыскердің әрекеттерін түсінуге мүмкіндік береді) бөлінеді. Оларға дұрыс баға беру мүмкіндігі және арнайы білім (Фото-және бейнеаппаратурамен, криминалистикада қолданылатын мамандандырылған материалдармен жұмыс істей білу). Сонымен қатар, жас маманның кәсіби қалыптасуы жан-жақты, оның жетістігі тек оқу кезінде алатын білімі мен дағдыларының сапасына ғана емес, сонымен қатар тергеушілердің өз қызметін бастайтын жағдайларына да байланысты.

Е.В. Зайцеваның ойынша, бұл жағдайда

жас қызметкерді жаңа командаға бейімдеу процесі үлкен рөл атқарады дейді. Егер бұл процесс сәтті болса, онда тергеу бөлімі қысқа мерзімде білікті мамандарды, дәлелді жұмысшыларды ала алады, олардың жұмысындағы бағдарлар жеке мақсаттарымен емес, ең алдымен ішкі істер органдарына жүктелген міндеттермен анықталады. Е.В. Зайцеваның анықтамасына келсек – бейімделу дегеніміз жаңа қызметкердің бейімделуі және оның мінезіне, режиміне, еңбек жағдайларына тәуелділігі, сонымен қатар, кәсіби дағдылар мен білімдердің белгілі бір деңгейіне жету, оның кәсіби жеке қасиеттерін қалыптастыру деп түсініледі [5, 22-26 беттер].

Бейімделу процесінің тиімділігі ретінде: жаңа маманның әріптестермен бірге қойылған міндеттерді шешуге қосқан үлесін бағалау; тапсырылған тапсырмалардың сапасы мен орындалу мерзімі; тергеушінің жұмыс процесіне тарту мерзімі; жас маманның бастамасы. Кәсіби қасиеттерді қалыптастыру кезінде тергеушіге қажет, сонымен қатар бейімделу процесінің сәтті өтуіне ықпал ету тергеу бөлімшесінде кәсіби қызметтік және дене шынықтыру жүйесі маңызды рөл атқарады. Кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығы қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті кәсіби дағдыларын, білімі мен машықтарын жетілдіру мақсатында олардың қызмет орны бойынша жүзеге асырылады. Кәсіптік даярлық деңгейі оқу жылы ішінде – сауалнама немесе тестілеу барысындағы сабақтар шеңберінде, сондай-ақ, қызметке кірер алдында өткізілетін нұсқама процесінде айқындалады; оқу жылы аяқталғаннан кейін қорытынды білім беру ұйымдары өткізіледі [6, 33-37 беттер].

Тергеушіде бар іс жүргізу тәуелсіздігі оған басқа адамдардың араласуынсыз тергеу барысын бағыттауға және қылмыстық іс аясында қажетті шешімдер қабылдауға құқық беріп қана қоймайды, сонымен қатар, тергеу процесінде жасаған әрекеттері үшін жауапкершілік жүктейді

Талдау негізінде тергеушілердің кәсіби жарамдылығын анықтайтын кейбір крите-

рийлерді бөліп көрсетуге болады: 1) тергеу қызметкерлерінің профессиограммасы мен психограммасы негізінде жасалған жеке психологиялық критерийлер; 2) объективті критерийлер – тергеуші алдын ала тергеу процесінде нақты қол жеткізген нәтижелер түрінде көрінетін критерийлер, мысалы, сапасы мен сапасыз жүргізілген тергеу іс-шараларының саны; 3) жоғары тұрған басшылық беретін және қызметкердің жеке ісінің құжаттарында көрсетілетін қызметкердің жеке басын және қызметін бағалау өлшемдері: мінездемелер, ұсынымдар, қызметтік аттестациялар және т.б. [7, 211 б].

Осылайша, қорытындылай келе, тергеушіге оның көрсетілген критерийлерге барынша сәйкес келуі де, алдын ала тергеу деңгейін арттыру үшін қажетті қасиеттерді қалыптастыруда мыналарды атап өткім келеді: 1) тергеуші өзіне берілген тапсырманы жеткілікті сауатты түрде жоспарлауы керек, яғни, заң аясында ең қолайлы шараларды жүргізуі шарт; 2) тәжірибиесі жоқ, бірақ тергеуші болып қызмет жасауға бел буып келген жас мамандарға басшылық

тарапынан қолдау жасалса. Және сауатты, тәжірибелі тәлімгер барлық ақыл-кеңесін аямай эмоционалды және психикалық тұрғыдан қолдап әрекет еткенде болашақта білімді де білікті өз ісіне адал кәсіби тергеуші мамандар қалыптасатынына сенімім кәміл.

Сондай-ақ, болашақ тергеушілер дайындауда оқытудың тиімділігін арттыру үшін практикада жеткілікті тәжірибесі және өз қызметі нәтижелерінің жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленіп, үлгілі болған білікті қызметкерлерді оқытушылық қызметке тарту керек.

Жазира ЖАНСЕИТОВА,
Алматы облысы Қонаев қалалық
сотының судьясы,

Айнур БАЙГЕЛЕНОВА,
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау
органдары Академиясының
3 курс докторанты, полиция майоры

АНДАТПА:

Мақалада негізгі мәселе тергеудің нақты субъектісі – тергеушіге, оның кәсіби қалыптасу кезеңіндегі және кейінгі кезеңдердегі жұмысқа қатысты тергеу сапасы жайында қозғалмақ. Тергеу бөлімдерінің үнемі жаңарып отыру жағдайын ескере отырып, тергеушінің кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігі туралы мәселелер көтеріледі. Сонымен қатар, тергеушінің кәсіби мәселелерді шешудегі жауапкершілігі, маңызды психо-эмоционалды жүктемелердің шешу жолдары қарастырылады. Тергеушінің қылмыстық оқиғаға қатысушылармен де, әріптестерімен де ауызша қарым-қатынас мәселелері айтылып өтеді. Тергеушінің өз қызметін тиімді жүзеге асыруы үшін, жеке және кәсіби қасиеттері қарастырылады. Тергеушілер арасында қажетті кәсіби қасиеттерді қалыптастыру технологиялары, тергеушілердің өз міндеттерін орындауға кәсіби жарамдылығы мәселелері зерттелуде. Автор құқықтық мәдениетті арттыруда, сондай-ақ, жауап алынған тұлғалармен қандай қарым-қатынаста болу керектігінің және оқу көрсеткіштері арқылы тергеу қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдарын ұсынады.

Түйінді сөздер: кәсібилік, тергеуші, тергеу, құзыреттілік, сөйлеу ерекшеліктері, заманауи тергеуші, тергеушілердің кәсіби қасиеттері, тергеу органдарының қызметкерлері, кәсіби жарамдылығы, тергеу қызметі.

АННОТАЦИЯ:

В статье основной вопрос затрагивается о качестве расследования применительно к конкретному субъекту расследования – следователю, работе на этапе его профессионального становления и на последующих этапах. С учетом состояния постоянного обновления следственных отделов поднимаются вопросы о необходимости повышения профессионального уровня следователя. Также рассматривается ответственность следователя в решении профессиональных проблем, пути решения

важных психоэмоциональных нагрузок. Обсуждаются вопросы устного общения следователя как с участниками преступного происшествия, так и с коллегами. Рассматриваются личностные и профессиональные качества следователя, необходимые для эффективного осуществления им своей деятельности. Исследуются технологии формирования у следователей необходимых профессиональных качеств, вопросы профессиональной пригодности следователей к выполнению своих обязанностей. Автор предлагает пути повышения правовой культуры, а также повышения профессиональной компетентности следственных работников через показатели обучения и того, какие отношения должны быть с допрошенными лицами.

Ключевые слова: профессионализм, следователь, следствие, компетентность, особенности речи, современный следователь, профессиональные качества следователей, сотрудники следственных органов, профессиональная пригодность, следственная деятельность.

ABSTRACT:

The article deals with the main issue of the quality of the investigation in relation to a specific subject of the investigation – the investigator, the work at the stage of his professional development and at subsequent stages. Taking into account the state of constant updating of investigative departments, questions are raised about the need to improve the professional level of the investigator. The responsibility of the investigator in solving professional problems, ways of solving important psychoemotional loads are also considered. The issues of oral communication of the investigator both with participants of the criminal incident and with colleagues are discussed. The personal and professional qualities of the investigator necessary for the effective implementation of his activities are considered. Technologies of formation of necessary professional qualities in investigators, questions of professional suitability of investigators to perform their duties are investigated. The author suggests ways to improve the general culture, as well as to improve the professional competence of investigative workers through non-verbal educational indicators of deception of interrogated persons.

Keywords: professionalism, investigator, investigation, competence, speech peculiarities, modern investigator, professional qualities of investigators, employees of investigative bodies, professional aptitude, investigative activity.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ковальчишина С.В. Комплексная модульная система предупреждения профессионального уничтожения следователей при профессиональном становлении. Электронный журнал «Психология и право» www.psyandlaw.ru, 2017. Том 7. № 2. С. 73.
2. Реуцкая., И.Е. Бродченко, О.И. Морар, Е.С. Повышение коммуникативной компетентности следователей и дознавателей в решении служебных задач. Психопедагогика в правоохранительных органах, 2015. № 1 (60). С. 16-17.
3. Васильев. В.Л. Юридическая психология. 6-е изд., Санкт-Петербург.: 2009. 608 С.
4. Сорокотягин., И.Н. Сорокотягина Д.А. Юридическая психология: учебник для бакалавров. 2-е изд., М.: Юрайт, 2013. С. 312.
5. Зайцева. Е.В. Некоторые аспекты повышения квалификации сотрудников органов предварительного следствия в системе дополнительного профессионального образования МВД России // Вестник Волгоградской академии МВД России. 2015. № 2. с. 22-26.
6. Овчинников. В.А. Профессионально-прикладная физическая культура в учреждениях высшего образования МВД России // Вестник Волгоградской академии МВД России. 2010. № 3. С. 33-37.
7. Жижилева. А.А. Проблемы установления процессуальной самостоятельности следователя при осуществлении полномочий в уголовном судопроизводстве / / Лучшая студенческая статья: VIII Международная. научный.- практическая. конф. - Пенза, 2017.211 С.

СОТ РЕФОРМАЛАРЫ ӨРКЕНИЕТКЕ БАСТАЙДЫ

Мемлекет дамуында сот жүйесінің рөлі қашан да басым. Соған орай, жүзеге асырылып жатқан заманауи реформалар жүйе жұмысын жаңа белестерге көтерді. Азаматтық қоғам мен құқықтық институттардың дамуы заң үстемдігінің артуына мүмкіндік беріп, халық үніне құлақ асатын мемлекетке жол ашты. Оңтайландыру шараларының бастысы үш сатылы сот жүйесі, бұл халықаралық стандарттарға толығымен сай келеді.



Жалпы алғанда, сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігі азаматтардың құқықтары мен бостандығының, сондай-ақ, заңды мүдделерінің әділ қорғалуын қамтамасыз етеді. Сот өндірісі электронды жүйеге көшіп, бірыңғай сот практикасы қалыптасты, сондай-ақ, басы артық рәсімдер жойылды.

Сот актілерінің жаңа параметрі енгізіліп,

жаңа типтік нысаны бекітілді. Мысалы, сот актілері ашық базаға салынады, олармен азаматтар таныса алады. Бұған қоса судьялар өздері шығарған сот актілерін процеске қатысушыларға заңды түрде түсіндіреді. Бұл шара өз кезегінде халықтың сот шешімі мен үкімінің әділ қабылданғанына көпшіліктің көзін жеткізеді. Осы арқылы халық көңілін-

де күмән қалмай, сотқа деген сенімдері нығая түсері анық.

Әкімшілік әділет институтының, сондай-ақ, дау шешудің баламалы әдістерінің енуі, аса ауыр қылмыстық істерге алқабилердің қатысуы, судьялыққа үміткерлерді іріктеу мен судьялар қызметіне қатысты конкурстарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялы түрде беру жұртшылықты соттарға одан әрі жақындатты. Себебі, саладағы кез келген өзгеріс соттардың ел алдындағы жауапкершілігін арттырып, азаматтардың сот арқылы қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуді көздейді.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспары бағдарламасының аясында іске қосылған «Сот жүйесінің жеті түйіні» бағдарламасы сот қызметін барынша жетілдіріп, жаңа деңгейге көтерді. Солардың ең бастысы ретінде озық технологияларды атауға болады. Қазіргі таңда Қазақстан азаматтары өркениет көшінен қалмай, соттарға қашықтықтан жүгініп, құқықтары мен заңды мүдделерін әлемдік стандарттарға сай қорғауда. Мәселен, электронды сот өндірісі халықтың сотпен байланысын жеңілдетумен қатар, олардың өздеріне қолайлы уақытта сотқа жүгінулеріне мүмкіндік берді.

Бұған қоса сот процестерін өткізу мен сот актілерін жазудың жаңа мәдениеті қалыптасты. Сот отырысының залдары дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен толықтай жабдықталған. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен толықтай үйлесім тапты. Цифрлық сервистер бәсекеге қабілеттілікті арттыруда зор маңызға ие десек, «Судьяның интеллектуалды көмекшісі», «Сандық сот сараптамасы», «Сот өндірісін роботтандыру», «Жасанды интеллект» сынды қызметтер салаға енгізілуде.

Аталған сервистерге тоқталып өтер болсақ, сандық сараптама сот өндірісіндегі кез келген іс бойынша сот тәжірибесін жинақтап, бірыңғай сот тәжірибесінің қалыптасуына ықпал етсе, роботтандыру – судья қарауынсыз шешілетін даусыз істерде сот актілерінің жобаларын дайындауға мүмкіндік береді. Шешімді судья тексеріп, қол

қоятындықтан, бұл мәселеде конституциялық талаптар қатаң сақталады. Ал, жасанды интеллект процеске қатысушылардың құқығын сапалы қорғау мен сот тәжірибесін біріздендіруде қосымша құрал ретінде пайдаланылады. Бұлардың қай-қайсысы да ел азаматтарының конституциялық құқықтарының әділ қорғалуына жағдай жасайды.

Халықтың сотқа деген сенімінің нық қалыптасуы олардың заң үстемдігі мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуімен тікелей байланысты. Яғни, саладағы тың бастамалар адам игілігіне, азаматтарымыздың тұрмыс сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сот жүйесінің тиімділігі өз кезегінде заң үстемдігінің берік орнығуына әкеледі.

Сондықтан, сот әділдігі, судьялардың тәуелсіздігі, кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі реформалар үздіксіз жалғаса береді. Ал, адам, қоғам, мемлекет, сот мүддесіне қатысты қолға алынған тың бастамаларды жүзеге асыруға үлес қосу бізге міндет. Құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен елдің сот жүйесі мінсіз болса, бұл өз кезегінде беделді көтеріп, халықаралық кеңістіктегі мәртебемізді арттырады.

Тағы бір айта кетерлігі, елімізде Конституциялық Сот құрылды. Конституциялық Соттың іске кірісуін заң үстемдігін қамтамасыз етудегі ең ірі өзгеріске санауға болады. Қазақстандағы мереке күндерінің тізбесіне сай, 24 маусым – «Сот және сот қызметкерлерінің күні» ретінде белгіленуі сала қызметкерлерінің мәртебесін одан әрі көтерді.

Мемлекет басшысының халыққа арнаған дәстүрлі жолдауында қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет екенін айрықша атап «Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды» дегені көпшіліктің есінде. Сот саласындағы жүйелі жұмыстар қазақстандық соттардың мақсаты айқын, бағыты анық екенінің жарқын көрінісі деуге толық негіз бар.

Асқар ОСПАНБЕКОВ,
Түрксіб аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КИБЕР ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мемлекет дамуында сот жүйесінің рөлі қашан да басым. Соған орай, жүзеге асырылып жатқан заманауи реформалар жүйе жұмысын жаңа белестерге көтерді. Азаматтық қоғам мен құқықтық институттардың дамуы заң үстемдігінің артуына мүмкіндік беріп, халық үніне құлақ асатын мемлекетке жол ашты. Оңтайландыру шараларының бастысы үш сатылы сот жүйесі, бұл халықаралық стандарттарға толығымен сай келеді.



Егер XX ғасырды атом ғасыры деп айтар болсақ, онда XXI ғасырдың басты символы ретінде ақпаратты тануға болады. Ал оны қорғау мәселелері жеке тұлға, қоғам және мемлекет қауіпсіздігі үшін маңызы артып, өзекті мәселеге айналуға. Қазіргі ақпараттық технологиялар қоғам өмірі мен әрекетінің барлық салаларына енуде, ал ұлттық қауіпсіздік қоғамдағы тұрақтылықтың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының және тәртіптің басты кепілі болып табылатын ақпараттардың қорғалуының қамтамасыз етілуіне тікелей тәуелді.

Ғылыми-техникалық прогресс ақпарат-

тық технология секілді жаңа технологиялар қалыптастыра отырып, қысқа уақыт аралығында ақпарат жинау, оны өңдеу, жинақтау, сақтау, оны іздеу мен таратудың, яғни ақпараттық процестердің күрт өзгерулеріне алып келді. Осы өзгерістер әлемдік қауымдастықтың ақпараттық аясындағы ақпарат жасау, өзгерту мен тұтынуға қатысты қызмет аясын қалыптастырды және көптеген жағдайда бүкіл әлемдегі қоғамдық және экономикалық қатынастардың ары қарайғы дамуын дәл болжайды.

Жаңа ақпараттық процестердің реттелу қажеттілігінің туындауы жаңа қоғамдық қа-

тынастардың қалыптасу алғышарты болып табылды. Әлеуметтік реттеуші функциясын дәстүрлі түрде атқара бастады, алайда ақпараттық технологиялардың күрт өсуі құқықтың артта қалуын көрсетті – заңгерлер инженерлерге ере алмай қалды, сондықтан, оларға жедел түрде қалыптасып жатқан жағдайларға әрекеттегі заңнаманы сәйкестендіру үшін жаңа нормалар әзірленуіне тура келуде.

Қылмыстық құқық та бұл процестен тыс қалған жоқ. Ақпараттық қоғамның дамуымен оның басты жылжымалы факторы – ақпаратты, оның айрықша түрі болып табылатын компьютерлік ақпаратты, қорғау қажеттілігі туды. Ақпараттық аядағы адамзат әрекетінің ең қауіптілерінің жолын кесу – қылмыстық заңнаманың міндеті болып табылады. Егер АҚШ пен ЕО елдерінің заңнамаларында компьютерлік қылмыс құрамы 1980 жылдардың аяғында болса, ТМД мемлекеттері заңнамаларында осыған ұқсас әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік тек 1990 жылдардың соңында пайда бола бастады.

Оның заңнамаларда көрініс табуынан – ақпараттық қатынастар қылмыстық қол сұғушылықтың жаңа объектісіне, ал ақпараттар жаңа пәніне айналды деп қарастыруға болады. «Компьютерлік» және «телекоммуникациялық» құралдарды пайдалана отырып жасалған құқыққа қайшы әрекеттер – ақпараттар аясындағы жеке тұлға, заңды тұлға және мемлекеттердің құқықтары мен кепілдіктерін бұзуға бағытталған қылмыстық іс-әрекеттің мамандандырылған бір бөлігі ғана. Электронды төлемдер, «қағазсыз» құжат айналымы және өзге де технологиялардың дамығандығы соншалық, локальді желілердің елеулі түрде істен шығуы бүкіл корпорациялар мен банктердің жұмыстарын тоқтатып қойып, оларға орасан материалдық шығындар келтіреді. Сондықтан да компьютерлік сеттердегі мәліметтерді қорғау қазіргі информатиканың ең көкейкесті мәселесіне айналууда.

Интернеттің барлық пайдаланушылары үшін компьютерлік вирустар эпидемиясы нақты қауіп тудыратын мәселе. Егер 2002 жылы «Касперский зертханалары» компаниясының антивирустық базаларына вирустық шабуылдың жаңа қауіптері туралы күн-

делікті 20 хабарлама келіп түссе, 2006 жылы ондай хабарламалар саны 200-ге жетті.

Әртүрлі статистикаларға сәйкес, телекоммуникация мен компьютерлік ақпарат аясындағы көптеген қылмыстар коммерциялық мәліметтерге құқыққа қайшы түрде қол жеткізуіне байланысты екені анықталды. Соңғы кездері типтік киберқылмыскердің «түрі» де өзгере бастады: ол программалау саласында өз күшін сынап жүрген жас жігіт емес, енді ол миллиондап ұрлайтын қырықтар шамасындағы маман. Бірінші кезекте оны банктік логиндер мен парольдер, кредиттік карта нөмірлері, сонымен қатар виртуальді мүлік пен интернет-ақша салғыштарға кіру парольдері қызықтырады. «Касперский зертханаларының» мәліметтері бойынша, тұтынушылардың банктік ақпараттарын ұрлайтын анықталған трояндық бағдарламалардың саны соңғы жылы төрт есеге өскен. Ақпараттық технологиялар аясындағы қылмыстар санының өсуі бүкіл әлемде орын алууда. Белсенді түрде дами отырып, компьютерлік криминалды қоғам қазірдің өзінде өз виртуалдық ортасын құрып қойған. Reuters мәліметтері бойынша, 2005 жылдың өзінде-ақ киберқылмыстық табысы наша саудасының «ресми» табысынан озып, 105 млрд АҚШ долларын құраған.

Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі – компьютерлік қылмыс қылмыстық қол сұғушылықтың ең қауіпті түріне айналуында. Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері қоғамның барлық қызмет салаларына мәліметтерді өңдеу және жіберу, ең бастысы, есептеуіш жүйелерінің кіру процестерімен күрделене түсуде. Мәселенің өзектілігін компьютерлік қылмыстардың жасалу тәсілдерінің кең тізімі де куәландырады.

Компьютерлік ақпарат аясындағы қылмыстардың ізін кесу мәселелерін зерттеу қазіргі криминалистикалық ғылымның көкейкесті міндеттерінің бірі болып табылады. Соңғы жылдары криминалистикалық әдебиеттерде компьютерлік қылмыстардың ізін кесу әдіс-тәсілдеріне қатты назар аударылып жатса да, бұл салада, әлі де болса, шешілмеген әрі дау тудыарлық мәселелер қатары қалып отыр.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы мен әлемдік

қауымдастықтың жалпылай компьютерленуі ақпарат жинау, өңдеу, сақтау мен тарауға қатысты, сонымен қатар, компьютерлік техника мен байланыс арналарын (телекоммуникацияны) пайдалану аясындағы қатынастарды реттеу қажеттілігіне алып келді. Ал осы «компьютерлік ақпараттың» өзі не деген сауалға жауап іздеп көрейік. Компьютерлік ақпарат дегеніміз – есептегіш ортада айналысқа түсетін, ЭЕМ-ның қабылдауына мүмкіндік туғызатын нысанда машиналық тасу құрылғысында сақталған, немесе электрбайланыс арналары бойынша электромагниттік сигналдар арқылы бір ЭЕМ-нан екінші ЭЕМ-ға, ЭЕМ-нан перифериялық құрылғыға немесе мәліметті басқару құрылғысына берілетін мәліметтер. Компьютерлік ақпарат әрқашан да ақпараттың физикалық (машиналық) тасушысы арқылы көрініс табады, оның өздігінен болуы мүмкін емес.

Компьютерлік ақпараттың ерекше сәтті анықтамасы, М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің криминалистика кафедрасының доценті В. Крыловтың компьютерлік ақпараттың қылмыстық қолсұғушылықтың арнайы объектісі ретінде келесідей мазмұндағы анықтамасын айтуға болады: компьютерлік ақпарат дегеніміз – ЭЕМ-да қолдануға әрі оны бақылауға арналған, ЭЕМ-да немесе ақпараттық жүйенің бірдейленген элементі – машиналық тасығышта орналасқан, оны қолдануға ережелер белгілеген меншік иесі бар мәліметтер, білімдер немесе командалық жиынтықтар (программа).

Әртүрлі құқық салалары нормаларына талдау жасай отырып, келесідей қорытындылар төмендегідей болады:

1. Ақпарат болып, көрсетілу нысанына қарамастан, адамдар, заттар, айғақтар, оқиғалар, құбылыстар және процестер туралы формальді білім мен мәліметтер беруге арналған жинақ табылады.

2. Келген құжатталған ақпарат, яғни оны тануға мүмкіндік беретін нысанда көрініс тапқан ақпарат, құқықтық қорғалуға жатады.

3. Құжатталған ақпарат азаматтық құқықтар объектісі болып табылады және оның меншік иесі болады.

4. Ақпарат меншік иесі танысуымен ғана немесе заңнамаға сәйкес танысу шектелетін – конфиденциалды және шектелмеген

адамдар санына арналған – бұқаралық болуы мүмкін.

5. Ақпаратты пайдалануды шектеу (режим белгілеу) заңмен немесе оның конфиденциалдығының деңгейін жариялайтын ақпарат иесімен белгіленеді. Компьютерлік ақпарат келесідей криминалистикалық ерекшеліктерге ие: 1. Ол жеткілікті деңгейде қарапайым және бір объектілік нысаннан екінші нысанға тез өзгертіле алады, кез келген машиналық тасығыш түріне көшіріледі (көбейеді) және кез келген қашықтыққа жіберіле алады. 2. Компьютерлік ақпаратты алғанда (көшіріп алғанда), материалдық затты алғанға қарағанда, оған бірнеше адам кіре алатын болғандықтан, ол сол орнында қала береді (мысалы, Интернет жаһандық желісінің электрондық беттерінде бар ақпаратпен жұмыс жасағанда, оған бір уақытта бірнеше пайдаланушылар кіре алады).

Ақпарат қоғамдық қатынастар өніміне айналып, тауарлық белгілерге ие болуда және сатып алу-сатудың пәніне айнала бастады. Ақпараттық процестер салдарынан жаңа қоғамдық қатынастар пайда болып, қалыптасуда, ал ескі қатынастар өзгертілуде. Қазіргі таңда әртүрлі нысандағы ақпарат жасау, өңдеу, жіберу, сақтау мен пайдалануға қатысты шарттық қатынастар үлкен көлемін тіркеуге болады. Осыған байланысты жаңа ақпараттық технологиялар қоғамның прогрессивті дамуына ғана жол ашып қоймай, қылмыстың жаңа түрлерінің пайда болуы мен дамуына да өз септігін тигізді. Компьютерлік техника саласындағы төңкеріс қылмыскерлерге жаңа техникалық құралдарға кіру жағынан кең мүмкіндіктер берді.

Компьютерлік қылмыстылықтың нақты анықтамасының болмауы мен осы құбылыс мәнін бірыңғай түсінбеушілік құқық қолдану органдарының онымен күресудегі бірыңғай стратегия ойластыру міндеттерін атқаруларын елеулі түрде қиындата түседі.

Қазіргі таңда ғылыми пікірлердің екі негізгі ағымы бар. Зерттеушілердің бір бөлігі компьютерлік қылмыстарға қол сұғушылықтың не объектісі, не құралы компьютер болып табылатын әрекеттерді жатқызады. Бұл жағдайда компьютерлердің ұрлануы да компьютерлік қылмыс болып табылады. Зерттеушілердің екінші бөлігі

қол сұғушылықтың объектісі компьютерлік жүйеде өңделетін ақпарат болып табылады, ал компьютер қол сұғушылықтың тек құралы ғана деседі. Айтып өтетін бір жайт, көптеген мемлекеттердің заңнамалары осы екінші ағыммен сәйкес дамуда. Мысалы, ресейлік жаңа қылмыстық заңнама бұрын болмаған қылмыстар құрамының қатарын, оның ішінде компьютерлік ақпаратты да қорғауға бағытталған нормалардың қылмыстық құрамын енгізді. Дәл осы компьютерлік ақпаратты пайдалануға қатысты зиян келтіру үшін қылмыстық жауапкершілік белгілеу қажеттілігі ЭЕМ қызметінің көптеген салаларында кеңдеп қолданумен және оның мәнінің ұлғаюымен және соған байланысты компьютерлік ақпараттың, қағазда тіркеліп, сейфте сақталатын ақпараттарымен салыстырғанда, өте әлсіз екендігін байқауға болады. Сонымен, компьютерлік қылмыстар дегеніміз – компьютерлік ақпаратты пайдалану арқылы жасалған қылмыстар. Бұл жағдайда компьютерлік ақпарат қылмыс жасаудың пәні де, құралы да бола алады.

Компьютерлік ақпарат аясындағы қылмыстардың біртектес объектілері болып қоғамдық қауіпсіздік пен ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, іздеу және таратуға, сонымен қатар ЭЕМ жүйелері мен желілерін пайдалануға байланысты қатынастардағы тәртіп болып табылады. Маңызды нәрсе – бұл қылмыстардың пәні ақпараттық процестерді қамтамасыз ететін ақпараттық құрылғылар емес, компьютерлік ақпарат болып табылуында.

Осы қылмыстық іс-әрекеттің тікелей объектісі ЭЕМ мен ЭЕМ жүйелерін және оның желілерін пайдалануға негізделген ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі.

Компьютерлік қылмыстың объективті жағы әрекетпен де, әрекетсіздікпен де сипатталады. Әрекет (әрекетсіздік) компьютерлік ақпаратты пайдалануға қатысты құқықтар мен мүдделерге қол сұғушылықтан көрініс табады. Компьютерлік қылмыстың материалдық құрамы бар. Әрекет (әрекетсіздік) тұлғалардың, қоғамның, мемлекеттің құқықтары мен мүдделеріне елеулі зиян (оның формальді құрамы да бар. ЭЕМ-ға арналған зиян келтіру бағдарламаларын жасау, пайдалану және таратуға қатысты қылмыс)

келтіруі тиіс. Қылмыстық салдарлар заңда компьютерлік қылмыстардың нақты түрлеріне қолдануға қатысты нақтылана түседі. Іс-әрекет пен салдар арасында себептік байланыс бар.

Компьютерлік қылмыстың субъективтік жағы қасақана кінәлілікпен сипатталады. Кінәліліктің абайсыздық нысаны бойынша кейбір ерекше жағдайда ғана қылмыс деп танылады. Компьютерлік қылмыстың субъектісі жалпы – 16 жасқа толған тұлға.

Компьютерлік ақпарат аясындағы қылмыстар қылмыскерлер үшін өз әрекетіне ешқандай жазаға тартылмай қылмыс жасаудың идеалды мүмкіндігіне айналды. Мұндай қылмыстардың нақты орын алғандығын тәжірибе жүзінде дәлелдеу өте қиын мәселе. Сонымен қатар, компьютерлік қылмыстардың басқа қылмыс түрінің ешқайсысында кездеспейтін парадоксальдығы – бұл қылмыс жәбірленушінің қылмыскерді ұстауға ерекше қызығушылық танытпайтындығында, және қылмыскердің өзі ұсталса да, құқық қорғау органдарынан ешнәрсені жасырмай, өз әрекетін жарнамалауға тырысатындығында.

Айта кететін жайт, бұл саладағы негізгі мәселелердің бірі – компьютерлік тексеріс жүргізудің жеткілікті дайындалған әдістемелерінің болмауы мен жоғары деңгейдегі мамандардың жетіспеушілігі. Хакердің құқыққа қайшы әрекеті мен компьютерлік қылмыстың ізін аңду үшін ЭЕМ саласында қылмыскердің білімі мен тәжірибесінен кем түспейтін эксперттер қажет. Егер қылмыстың нақты құрамының белгілері болған күннің өзінде де, эксперттің дұрыс қорытындысынсыз, тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту күрделі мәселеге айналуы ғажап емес. Сондықтан да осы қылмыс санаты бойынша тоқтатылған істер пайызы өте жоғары болып табылады. Бұл қалыптасқан жағдайды осы қылмыс санаты үшін тағайындалатын жазаны қаталдандыру мен ол жазадан құтылып кете алмайтындай жасау ғана өзгерте алуы мүмкін.

Динара МУКАМЕДЕН,
Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу
университетінің
«Бизнес және құқық» жоғары мектебі
құқық кафедрасының аға оқытушысы
заң ғылымдарының магистрі

ЖЕКЕ БАСТЫ ТІНТУ МЕН САНКЦИЯЛАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дәлелдемелерді жинау процесінде тінтудің алатын орны ерекше, маңызы бойынша ол қарап-тексеруден кейінгі басты тергеу әрекеті болып табылады. Оның тарихына қысқаша көз жүгіртер болсақ, тінтудің ең алғашқы түсінігі батысевропалық құқықтың ежелгі рим дәуірінен белгілі «XII бағана заңдарында» берілгенін көреміз. Онда тінтуге (*agerum* – меншіктегі) – «...заттарды іздеуге бағытталған әрекет» – деген анықтама берілген (1; 140 б.).



А.ИМАНКУЛОВ,
Жетісу аудандық
№2 сотының судьясы

Ресейде тергеу әрекеті ретіндегі тінту ең алғаш рет IV (Қаһарлы) Иван дәуіріндегі құқықтың жазба қайнар көздерінде көрініс табады. Мысалы, 1497–1550 ж.ж. «Судебник» адамды тінту мен оны азаптауды қылмыстық процесті жүргізудің негізгі әдісі ретінде қарастырған, сондай-ақ, ол дәуірдің барлық қылмыстық іс жүргізу өндірісі жалпылама «обыск» деп аталған. «Губные старосты и целовальники» деген шенділер қара халықты бір орынға жинап «повальный обыск» жүргізетін болған. [2; 33 б.].

Ал қазақ даласына келер болсақ, Қазан төңкерісіне дейін Ұлы далада түрмелердің болмағаны секілді тергеушінің де тінтушінің

де болмағаны тарихтан белгілі және бұл көшпелі дала өркениетінің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Осы тұрғыда заңғар ғалым С.З. Зиманов «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» – деп аталатын еңбегінде «Ежелгі қазақ даласындағы заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» негізін

құраған идеялар адами маңызы бар көшпелі өркениеттің өзгеше құбылысы болып табылады...» – деп жазып кеткен [3, 85 б.].

Кеңес дәуірінде тінту жүргізу тергеу әрекеті ретінде біршама дамып, жетіле түсті. Тұрғын үйге тінту енді арнайы қаулы шығару арқылы және куәлердің қатысуымен жүргізілетін, ең бастысы прокурормен санкцияланатын болып бекітілді. Әрине мұның заңдылықтың сақталуына оң ықпалын тигізгені сөзсіз.

Әйтсе де, тінту мен жеке басты тінтудің аса маңызды даму сатысы тәуелсіз Қазақстанның ұлттық құқық жүйесіне 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген тергеу соттарының өкілеттігін кеңейтумен байланысты. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы заңмен тергеу судьяларының өкілеттілігі одан әрі кеңейтіліп, оларға қарап-тексеруді, тінтуді, алуды және жеке басты тінтуді санкциялау өкілеттілігі берілді [4].

Айта кетерлігі, қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнама тінту мен жеке басты тінтудің түсінігін нақты ашып қарастырмайды. Қылмыстық-процестік кодекстің 31-тарауында тінту жүргізудің мақсаты мен негіздері (252-бап), оны жүргізу тәртібі (254-бап) қарастырылса, ал жеке басты тінтуге қатысты (255-бап) көбіне жоғарыда аталған нормаларға сілтемелер жасаумен шектеледі [4].

Көрсетілген баптарға талдау жүргізу барысында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндердің мағыналық сәйкессіздігі анықталды. Мысалы, 255-баптың 1-бөлігі қазақ тілінде былай жазылған: «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам... тінтілетін адамның денесіндегі немесе денесінің ішіндегі, оның киіміндегі нәрселер мен құжаттарды және оның жанындағы нәрселерді табу және алып қою мақсатында жеке басына тінту жүргізуге құқылы». Ал орыс тілінде бұл ереже мынадай редакцияда тұжырымдалған: «...лицо, осуществляющее досудебное расследование, вправе произвести личный обыск в целях обнаружения и

изъятия предметов и документов, находящихся на теле или внутри тела обыскиваемого, в его одежде и имеющихся при нем вещах».

Жоғарыдағыларға сәйкес қазақ тіліндегі редакцияда «...оның жанындағы нәрселерді...» деген сөздер тінтілетін адамның айналасындағы (маңайындағы) нәрселерді табу мен алып қоюды білдіреді және ол нәрселердің тінтілетін адамның өзіне тиесілі болмауы мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Ал қаралып отырған норманың орыс тіліндегі редакциясындағы «...имеющихся при нем вещах...» сөздері жеке басы тінтілетін адамның өзімен бірге алып жүрген заттарын ғана қарастырады.

Осылайша осы норманың қазақ және орыс тілдеріндегі редакциялары жеке басты тінтудің мақсатын, яғни іске маңызды нәрселерді табу мен алып қою мәселелерін әртүрлі айқындайды. Аталған кемшіліктер құқықтық норманың мазмұнын бұрмалап, оны біржақты түсінуге мүмкіндік бермейтін екіұдай түсініктерді туындатады.

Сонымен қатар, Қылмыстық-процестік кодекстің 255-бабында тегеу әрекетінің атауы мемлекеттік тілде «Жеке басын тінту» болса, орыс тілінде «Личный обыск» – деп аталады [4]. Бұл жерде қазақ тіліндегі мәтіннің орыс тілінен мүлдем сәтсіз аударылғанын көреміз. Аталған терминді «Адамның жеке басын тінту» немесе қысқаша «Жеке тінту» деп жазған дұрыс болар еді деп ойлаймыз. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексінде (күші жойылған) «Жеке адамды тінту» редакциясында берілгенін атап өтуіміз керек [5].

Осы қалыптасқан терминді дұрыс қолданбау қазақ тілінің заңдылықтарын бұзып қана қоймай, мәтіндерді дұрыс түсінуге орасан кедергі келтіреді. Айталық, 255-баптың 2-бөлігінде көрсетілген «Жеке басын тінтуді тінтілетін адаммен жынысы бір адам ғана ... жүргізеді» деген сөйлемді қарапайым, түсінікті тілде – «Жеке адамды тінтуді онымен бір жынысты адам ғана ... жүргізеді» – деп редакциялауға болар еді. Немесе аталған баптың 3-бөлігінің соңғы сөйлемін

алайық – «Тінтілетін адамның денесінің ішіндегі нәрселерді табу қажет болған кезде жеке басын тінтуге тиісті бейіннің мамандары қатысады». Мәтіндегі норманы толық түсіну үшін қалыптасқан әдет бойынша оның орыс тіліндегі редакциясына жүгінеміз. Онда: «При необходимости обнаружения предметов внутри тела обыскиваемого при личном обыске участвуют специалисты соответствующего профиля» – деп жазылған. Яғни бұл жерде «соответствующего профиля» сөздері «тиісті бейіннің» – деп аударылған. Осы тұрғыда 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі бар «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «бейін» сөзінің мүлдем кездестірілмейтінін айта кетуді жөн санаймыз [6].

Қылмыстық процеске қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз, негізсіз шектеуден қорғау, сондай-ақ, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге бағытталған заңмен белгіленген шараларды қабылдау сот билігі органдарының басты функцияларының бірі екені белгілі. Әрине, бұл тұрғыда тергеу соттарының алатын орны ерекше. Адамның жеке басын тінту Конституцияның 16 және 17-баптарымен белгіленген оның жеке басы мен қадір-қасиетіне тиіспеушілік құқықтарын тікелей қозғайтындықтан, бұл тергеу әрекеті тергеу судьясының санкциясымен жүргізілуі тиіс.

Алайда заңда көзделген кей жағдайларда ол соттың санкциясынсыз да жүргізілуі мүмкін. Атап айтқанда, Қылмыстық-процестік кодекстің 255-бабының 3-бөлігіне сәйкес, жеке басты тінту, мына жағдайлардың біреуі болған кезде:

1) егер осы кодекстің 254-бабының талаптарын сақтай отырып тінту жүргізіліп жатқан үй-жайдағы немесе өзге орындағы адам іс үшін маңызды болуы мүмкін құжаттарды немесе нәрселерді өзінде жасырып отыр деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса;

2) егер ол адам ұстап алынған немесе күзетпен қамалған кезде жүргізілген болса, арнайы қаулы шығарылмай және тергеу судьясының санкциясынсыз жүргізілуі мүмкін [4].

Аталған нормадан көріп отырғанымыздай кезек күттірмейтін ерекше жағдайларда жеке

басқа тінту жүргізу арнайы қаулы шығарылмай-ақ, тіпті соттың санкциясынсыз да жүргізіледі. Әлбетте, дер кезінде тиісті тергеу әрекетін жасамау құнды деректердің жоғалуына әкеліп соқтыруы мүмкін, сондықтан бұл мәжбүрлі шара болып табылатыны дау тудырмаса керек.

Дегенмен, аталған тергеу әрекеті аяқталғаннан кейін қажетті материалдар тергеу судьясына тексеру үшін жіберілмейтіндігі, тіпті, ол туралы прокурорға да хабарланбайтыны заңды сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтарымыз салмақтырақ болуы үшін қылмыстық-процестік заңнаманың өзге де ұқсас нормаларына жүгінеміз. Мысалы, қылмыстық-процестік заңнамада дәл осындай кейінге қалдыруға болмайтын айрықша жағдайларда қарап-тексеру, тінту мен алуды сот санкциясынсыз жүргізуге жол беріледі, алайда одан кейінгі міндетті сот бақылауы қарастырылған.

Атап айтқанда, Қылмыстық-процестік кодекстің 254-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, айрықша жағдайларда, іздестіріліп жатқан және (немесе) алып қоюға жататын объект оны табуды ұзаққа созудан жоғалуы, бүлінуі немесе қылмыстық мақсатта пайдаланылуы мүмкін болғанда не іздестіріліп жатқан адам жасырынуы мүмкін болғанда тінту және алу тергеу судьясының санкциясынсыз, осы кодекстің 220-бабының он төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізілуі мүмкін.

Ал аталған 220-баптың он төртінші бөлігінде былай көрсетілген: «Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кейіннен материалдарды бір тәулік мерзімде тергеу судьясына жібере отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін. Қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберіледі. Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса тігіледі. Жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда, оның нәтижелері іс

бойынша дәлелдемелер ретінде жіберіле алмайды.» [4].

Көріп отырғанымыздай заң шығарушы кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуде белгілі бір жағдайларда «кейінгі» сот бақылауын белгілесе, келесі бір жағдайларда мұндай бақылауды мүлдем қарастырмайды. Осылайша үй-жайды тінту барысында жүргізілген жеке басқа тінту тергеу судьясының бақылауынан да, қорғауынан да тыс қалатын жағдайлардың бар екенін көреміз.

Бұл жерде тұрғын үйге тиспеушілік құқығы адамның жеке басының бостандығы мен оның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық құқығынан үстемдеу екенін білдірмесі анық. Аталған конституциялық құқықтардың біріне басымдылық беріп, келесісін төмендетуге жол берілмейтінін атап өтуіміз керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының бірінші тармағына сәйкес әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар, ал оның 17-бабының бірінші тармағында «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» – деп көрсетілген.

Олай болса соттың санкциясынсыз жеке басқа тінту жүргізу және оған «кейінгі» сот бақылауының болмауы осы аталған конституциялық құқықтарды бұзу болып табылады, яғни Қылмыстық-процестік кодекстің 255-бабының 3-бөлігінің 1)-тармақшасы Конституцияның 16 және 17-баптарына қайшы келеді деп есептейміз.

Сонымен қатар, аталған норма Қылмыстық-процестік кодекстің 10 (заңдылық), 13 (жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу), 14-баптарында (жеке басқа қолсұғылмаушылық) көзделген қылмыстық

процестің қағидаттарына қайшы келеді.

Сондықтан, біздің ойымызша соттар адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсететін мұндай нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес. Егер сот қолданылуға жататын заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым көрсетеді деп тапса, ол іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсынумен Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне өтініш жасауға міндетті [4].

Жеке басқа тінту жүргізудің аталған «жеңілдетілген» түрін Қылмыстық-процестік кодекстің 220-бабының он төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізу туралы тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс.

Қылмыстық процесті жүргізуде адамның жеке бас бостандығына, жеке өміріне қол сұқпаушылықты және өзге де құқықтарын қамтамасыз ететін конституциялық нормалар мен заңдарды дұрыс әрі біркелкі қолдану тұрғысынан бұл сұрақтар өзінің тиянақты шешуін талап етеді. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының адамның жеке бас бостандығына және қадір-қасиетіне қол сұқпауды қамтамасыз ететін нормаларын қылмыстық сот ісін жүргізуде дұрыс және біркелкі қолдануды реттейтін нормаларды жетілдіруге бағытталған тиісті шаралар қолданылуы қажет деп есептейміз.

Алматы қаласы

БИБЛИОГРАФИЯ:

Цахаев А.М. История возникновения следственного действия – обыск. <http://novaum.ru>. юридические науки. – 2019. – №21. – с.410.

Руденко А.Н. История развития института обыска. <http://Отечественная юриспруденция>. -2016. - №9 (11). – с.33.

С.З. Зиманов. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. Алматы: Ата мұра, 2008. – 2016б.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігі жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №378-V заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000378>.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексі. №231-V ҚРП. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z3352>.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (күші жойылған). <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000206>.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Дайк-Пресс, 2008.-967б.- (Қазақ сөздіктері.).

ҚОҒАМДЫҚ АР-ҰЖДАН СОТЫ

Алқаби сотын көп жағдайда «қоғамдық ар-ұждан соты» деп айтады, ол қоғамда ақиқат пен әділеттілік туралы ұғымды дерексіз емес, нақты түсініктер арқылы қабылдап, қолдайды.



Қазақстанда алқаби соты енгізілгеннен бері бірнеше жыл өтті, осы кезеңде алқаби соттары біршама тәжірибе де жинағаны анық. Соттарда алқабилердің қатысуымен қарайтын істердің көбеюі оған сенімнің артып отырғанын білдіреді. Сот төрелігінің осы институтына туындап отырған қызығушылық оның өміршеңдігі мен маңыздылығының белгісі. Әрине, алқаби-

лер сотына күдіктер де, сын да айтылады. Атап айтқанда, қарсы пікір білдірушілер алқаби сотын енгізу әлі ерте, ондай сот біздің менталитетімізге жат деген уәждер келтіреді. Кейбіреулер мұны шығарылған сот шешімінің себептерін заң ғылымына және практикасына ешқандай қатысы жоқ адамдардың, кейбір жағдайда тіпті, мамандар үшін де қиын болып табылатын

кінәлілігі, дәлелділігі, жауаптылығы туралы аса күрделі мәселелерді шеше алмайтындығымен түсіндіруге тырысады.

Бірақ, алқаби соты демократияның сөзсіз жеңісі екені, оны барынша қорғау және дамыту керектігі анық. Қазақстандағы сот реформасының қазіргі заманғы тұжырымдамасы оны ең алдымен, сот жарыспалылығын ынталандыруға, сол арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым пәрменді қорғауға ықпал етуге арналған институт ретінде қарайды. Осы тұрғыдан алғанда біздің үмітіміз ақталды, оны ақтау үкімдерінің көбеюі көрсетеді. Жалпы, жергілікті халық өкілдері болып табылатын алқабилердің сот шешімдеріне қатысуы, жәй қатысып қоймай, олардың шешім шығаруға нақты ықпал етуіне жағдай жасайтын бұл өзгеріс еліміз ұстанған демократиялық қоғам құру талаптарынан туындады. Алқабилер туралы заң талабы аса ауыр қылмыстарға қатысты қолданылады және де олардың қатысуымен іс тек сотталушының өтініші бойынша қаралады деп заңда нақты көрсетілген. Егер сотталушы бас тартса, қылмыстық іс кәсіпқой судьялардың қарауына алынады. Сондықтан алқабилердің қатысуымен өтетін соттың жетістіктері мен олқы түсіп жатқан жақтары қандай, нендей ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар, судьялар мен мемлекеттік айыптаушылардың, алқабилердің сот барысындағы қарым-қатынасы қандай, алқабилердің қатысуымен өтетін сот процестерін ұйымдастырудағы қандай мәселелер бар деген сұрақ жиі көтеріледі.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестеріне шолу жасасақ, құзырлы органдар жүргізген тиісті тексеруден кейін әрбір алқаби мүшесі сот басталар алдында ант қабылдайды. Олар өздерінің ішкі нанымы бойынша шешім шығарады. Сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сот ісін-

де жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеге келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме? Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады. Ата Заңымызда белгіленген сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалылық қағидатын сақтай отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. Бұл ретте қоғам мүддесін білдіретін алқабилердің моральдық бейнесі кіршіксіз, азаматтық ары таза, адамгершілік ұстанымы жоғары болуына баса назар аударылады. Өкінішке қарай, алқабилер тізімін жасаған кезде құзырлы органдар тарапынан тексеру жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі салдарынан олардың қатарына өткен өмір жолы күмәнді, жауапкершілік жүгін жете түсінбейтін, тіпті, тәртіпсіз адамдардың да еніп кеткен фактілерінің бар екенін жасыруға болмайды. Әрине, көш жүре түзеледі дегендей, алқабилердің болашағы зор екені және оны халқымыздың қолдап отырғаны сот жүйесіндегі үлкен өзгерістің дұрыс екендігін айқын көрсетеді.

Конституциямыздың 75-бабында жазылғандай, қылмыстық істі қараудағы өзгеріс оған алқабилерді қатыстыру болып табылады. Өз тарихымызға үңілсек, IV ғасырда қазақ мемлекеті пайда болған кезден бастап, хан билігімен қоса, сот билігінің, яғни билер билігінің қатар дамығанын көреміз. Көшпелі қазақ қоғамында билер құзыреті елдік биліктің ең көп тараған, халыққа жақын әрі түсінікті, оның құрметіне бөленген, сондықтан да мейлінше пәрменді әрі қуатты салаларының бірі болған. Оның үстіне XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандығы монархия мен аристократиялық республиканың элементтерінен тұратын

далалық мемлекеттің дәстүрлерін бойына жинақтаған иерархиялық әлеуметтік-саяси құрылым еді. Онда жыл сайын ханмен бірге жалпы мемлекеттік мәселелерді шешу үшін ру ақсақалдары мен билері қатысатын құрылтай шақырылатын. Сол кездегі ру билері соттың және әкімшілік биліктің міндеттерін қатар атқарғаны рас. Бірақ, артынан, қазақ даласы Ресейдің қол астына қарағаннан кейін билер ауқымын тарылтып, орыс судьяларының рөлі басым түсе бастады. Кеңес дәуірі кезінде Қазақстандағы сот әділдігін атқару бір судья мен екі халық заседателінің қатысуымен жүзеге асырылды. Ал 1995 жылдан бастап сот үкімін шығаруды тек кәсіптік судьялар қолға алды. Әрине, алқабилерді қатыстырып сот ісін қарау жүйесін әңгіме еткенде, зерттеушілер оларды англо-саксондық және құрлықтық құқықтық жүйе түрлері деп екіге бөледі. Қолданыстағы заңдарды пайдаланып, соның негізінде өздерінің сот жүйесін құрған Англия, Америка, Канада және басқа елдер соты англо-саксондық құқықтық жүйедегі сот болып табылады. Бұл жүйедегі мемлекеттерде присяжныйлар кеңесу бөлмесінде өздері ғана болып, шешім шығарады. Ал құрылықтық жүйедегі мемлекеттерде болса присяжныйлар соты шешімді кәсіптік судьямен бірге отырып шығарады.

Қай жүйеде болмасын бұлар, негізінен, төрт сұраққа жауап беруге тиіс. Біріншіден, қылмыстық оқиға орын алды ма, екіншіден, егер қылмыстық оқиға болса, онда жаңағы

айыпталып отырған адамның қатысуымен өтті ме, үшіншіден, ол қылмысты жасады ма, төртіншіден, осы айыпталып отырған адам жасаған қылмысына кінәлі ме?

«Алқабилер туралы» заңға сәйкес елімізде алқабилер 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық істерге қатыса бастады. Олардың асықпай шешім шығаруына барлық жағдай жасалған. Нақты бір істі қарауға таңдалған алқабилер қанша қажет болса, сонша рет сот процесіне қатысады. Оларға кәсіпқой судьялар жалақысының 50 пайыз көлеміндегі айлық төленеді. Дегенмен, бәрі олардың сот ісіне қатысқан күндер санына байланысты. Ал алқабилер жасақталғаннан кейін босаған қалған үміткерлерге олардың сотқа шақырылған, келген күндеріне ақы төлеу мен қызмет орнындағы айлықтарының сақталуы заңда қарастырылмаған. Алқабилер тізімін жасақтау жергілікті әкімдіктерге жүктелгендіктен, олардың арасына талапқа сай келмейтін адамдар да қоса ілеседі. Сондықтан ол тізімдегі үміткерлерді компьютер арқылы таңдағанда небір адамдардың алқаби болып шыға келетіні сөзсіз. Дегенмен, бұл кемшіліктердің бәрі түзелетін қолдағы іс. Ең бастысы, алқабилер қатысуымен қаралатын сот процестерінің ізгілікті және әділдікті арқау ететіні халыққа үлкен сенім ұялатады. Бұл – сотқа деген сенім.

Ә.ҚАРЕКЕНОВ,
Қаратөбе аудандық сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДІ ҚОРЛАҒАНДАРҒА ЖАЗА БАР



Мемлекеттік рәміздер – әр елдің тәуелсіздігін айшықтайтын, ұлт ретінде даралайтын ерекше белгі. Сондықтан, оларды қолданудың арнайы шарты бар.

Біздің еліміз де егемендігін алған сәтте мемлекеттік рәміздерді дайындауға арнайы байқау өткізді. Бүгінгі Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз сол байрақты додада топ жарғандардың шығармашылық туындысы, үлкен еңбегінің, ізденісінің нәтижесі. Бүкіл халықтың рухын көтеруге, мақтанышын оятуға, бір мақсатқа біріктіруге қызмет ететін мемлекет рәміздердің терең мағынаға ие, тағылымды ойға негізделгені белгілі.

Ал енді мемлекеттік рәміздерді қолданудың тәртібі әр елде әрқалай. Мысалы, АҚШ-та мемлекеттік рәміздерді коммерциялық мақсатқа да пайдалануға болады. Бірақ, мұның өзіндік шектеулері бар. Айталық

мемлекеттік туды киімге, көрпе-жастыққа, сондай-ақ, спорттық киімге қолдануға болмайды. Тек мемлекет атынан додаларға қатысатын спортшылар мен үздіктер киетін киім үлгілеріне ғана мемлекеттік рәміздерді пайдалану рұқсат етілген. Бұған қоса, туды түрлі тауарлардың жарнамасына пайдалануға, бір рет қолданылатын тауарлардың, майлықтардың бетіне салуға да болмайды. АҚШ-та мемлекеттік туды үйінің шатырына іліп, көлігінде желбіретіп жүргендерге ешқандай тыйым жоқ. Тіпті, туды дұрыс ілмеген жағдайда да ескерту жасалғаны болмаса, жаза қолданылмайды. Ең қызығы, 1990 жылы мемлекеттік рәмізге құрмет көрсет-

педі деп айыпталған азаматтың ісін қараған Жоғарғы Сот туды өртеу әрекетін ел Конституциясында кепілдік берілген сөз, пікір айту бостандығы деп бағалаған. Германияда екі мемлекеттік рәміз бекітілген. Ол Ту мен Елтаңба. Тауар белгілері туралы заңда туды жекелеген тауарлар мен заттарды жасауда қолдануға рұқсат етілмейді. Ал тудың түсін пайдаланамын деушілерге кедергі жоқ. Десек те, ту мен елтаңбаның бейнесін тек мемлекеттік ресми органдар ғана қолданатыны тайға таңба басқандай жазылған.

Көршіміз Ресейде де мемлекеттік рәміздерді қолдануға ерекше қарайды. 2008 жылдан бері мұнда әрбір азаматтың туды өз үйінде, қызметтік бөлмесіне, жеке көлігіне мейрам күндері ғана емес, жай күндері де іліп қоюына рұқсат. Сондай-ақ, түрлі шерулерде туды көтеріп шыққандарға тыйым салынбайды. Ел үкіметі осы арқылы халықтың патриоттық сезімін оятып, елге, Отанға деген сүйіспеншілікті нығайтамыз деген пікірде.

Біздің елімізде де мемлекеттік рәміздерге деген құрмет айрықша. Еліміздің көрнекі жерлерінде, мемлекеттік ғимараттар шатырының төбесінде көк туымыздың желбіреп тұруы қалыпты көрініске айналған. Әр ғимаратқа кіргенде мемлекеттік Әнұранның мәтіні мен Елтаңбамыз бірден көзге түседі. Мемлекеттік рәміздерді сыйлаудың, құрметтеудің маңызын түсінген азаматтардың түсі оңған көк туымызды көрсе, мәтіні дұрыс жазылмаған әнұранымызды байқаса бірден жұртшылық назарын аударып, кемшілікті дереу жоюды талап етуі соңғы кезде жиі кездеседі. Бұл азаматтардың мемлекеттік құндылыққа немқұрайды қарамайтынын көрсетеді. Бір кездері жыртылған туды іліп, көк байрақты қоқыс шығаруға пайдаланған жауапсыз жандар да кездескен. Қоғам түземейтін, азаматтар жөнге салмайтын кемшілік жоқ. Көпшілік талап еткен соң жоғарыдағы жөнсіздікке жол бергендер жария түрде жауаптылыққа тартылған болатын. Соның арқасында қазір мемлекеттік рәміздерге құрмет танытпау жағдайлары жоққа тән.

Әрине, қоғамды тек жазалау арқылы тәрбиелеу мүмкін емес. Дегенмен, арнайы заңның болуы мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттырмаса, кемітпейді. Осы рет-

те отандастарымыз ҚР мемлекеттік Туын, мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін пайдалану, сондай-ақ, мемлекеттік Әнұранды орындау және оның мәтінін пайдалану, не мемлекеттік рәміздерді қорлау Қазақстан заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеліп соғатынын ұмытпауы керек. Қылмыстық кодекстің 372-бабына сай мемлекеттік рәміздерді қорлағандарға екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 418-бабында. ҚР Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасына қойылатын ұлттық стандарттарды бұзуға жауаптылық белгіленген. Соған сай, Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаны ұлттық стандарт талабын ескермей дайындау – жеке тұлғаларға – жиырма бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК айыппұл салуға әкеп соғады. Мемлекеттік рәміздерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандар туралы заңнамасын бұза отырып пайдалану (орнату, орналастыру) – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Көріп отырғанымыздай, мемлекеттік рәміздерді дұрыс қолданбағандар жазасыз қалмайды. Дегенмен, Отанға, рәміздерге деген құрмет жүректе, қанымызда болуы шарт.

Шолпан ӘЛДИБЕКОВА,
педагогика ғылымының кандидаты,
Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ,
Абылай хан атындағы Қазақ
халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті Экономика және
құқық факультетінің студенті

ҚАРЫЗ АЛАРДАН БҰРЫН, БЕРЕРІҢДІ ОЙЛА!



Гүлнұр БЕКЕЖАНОВА,
Курчатов қалалық сотының судьясы

Шарасыз жандарды қолдауда 2022 жылы 30 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңның маңызы зор. Ол 3 наурыздан бастап күшіне енеді. Заңның қарызға батқандарға қандай пайдасы бар, соны талқыласақ.

Несиесін төлей алмай жүрген адам соттан тыс және сот арқылы өзін банкрот деп жариялай алады.

Қазір елімізде қарызды ойланбай алып, қайтаруға келгенде қиналып жүрген азаматтар аз емес. Біреу табыс көзінен айырылып, отбасын асырау үшін несие алып, қарызға батса, біреу соңғы үлгідегі телефонды қарызға алып, несиесін өтей алмай жүр. Соңғы кезде қазақ жігіттерінің арасында ойынқұмарлар көбейіп, өзін де, отбасын да қарызға кіргізіп, оны қайтара алмай жүрген жағдайлар белең алып барады.

Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға негіздер Азаматтарға арналған үкімет корпорациясы арқылы уәкілетті органға азаматтар өзін банкрот деп жариялау туралы арыз бере алады. Бірақ қарызы бар адамның бәрі мұндай арызбен жүгіне алмайды. Тек арыз бергенге дейін айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын қарызы бар адамдар (биылғы жылға АЕК – 3450 теңге, яғни $1600 \times 3450 = 5\,520\,000$ теңгеге дейін қарызы бар және оны өтей алмай жүрген адамдар) бере алады. Бірақ олардың:

1) ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүлкі болмауы керек. Бұл жерде иелігіндегі мүлікті басқа адамның атына аударуға болмайтынын ескерген жөн. Борышкердің үш жылға дейінгі кезеңдегі қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері тексеріледі;

2) кредиторлар (банк, микроқаржы бе-

ретін, қарыз беретін ұйымдар) алдындағы міндеттемелері (яғни қарыздары) арыз берілген күнге дейін қатарынан он екі ай бойы өтелмеуі керек;

3) кредиторлар мен борышкердің арасында қарыз шартындағы міндеттемелерді орындату үшін қандай да бір рәсімдер жүргізілуі керек. Яғни, мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап 18 айдан аспайтын мерзімдерде бұл шаралар жүргізілуі қажет. Мысалы, борышкер кредиторға барып, қарызын төлей алмайтынын растайтын құжаттар өткізсе немесе төлем кестесіндегі ай сайын төлейтін соманы азайтуды сұрап өтініш беріп, бірақ оған кредитор келіспей қойса, яғни борышкердің қолында осындай рәсімдердің жүргізілгені туралы қандай да бір дәлел болуы керек;

4) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсім қолданылмауы керек.

Бұлардан бөлек, егер борышкер арыз берілген күнге дейін алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, ол 2) тармақшаның ережесіне қарамастан, арыз бере алады. Яғни, қарызы кредитордың алдында 12 ай бойы өтелмеуі керек деген шарт, атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдарға қолданылмайды.

Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге дейін бес жылдан асса, жоғарыда көрсетілген шарттарды сақтамай-ақ борышкер осындай арыз бере алады.

Қажетті құжаттар

Арызында борышкерлер кредиторлардың атауын, қарыз сомасын, тұрған жерлерінің тізімін көрсетуі керек. Арызға қосымша ретінде қарыз шарты бойынша берешекті реттеуді және өндіріп алуды жүргізу жөнінде шаралар қабылданғанын растайтын құжаттардың көшірмесін береді. Егер кредиторлар қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тартса, не себептен бас тартқаны туралы көрсетілген жауаптары қоса берілуі керек.

Соттан тыс банкроттық

Уәкілетті орган борышкердің арызы электрондық порталға тіркелгеннен кейін 6 ай-

дың ішінде банкроттық рәсімін жүргізеді. Бұл уақыттың ішінде борышкер көрсеткен кредиторлар алдындағы борыштық міндеттемесінің мерзімі өткен болып есептеледі және кредиторлардың борышкер міндеттемесін орындауды талап етуіне тыйым салынады. Міндеттеме бойынша барлық тұрақсыздық айыбы, сыйақы есебі тоқтатылады. Борышкердің жаңа ақшалай немесе мүлктік міндеттеме алуына тыйым салынады және олардың банктік шоттарынан кредиторлардың ақша өндіріп алуына жол берілмейді. Соттың борышкерден берешекті өндіріп алу туралы шешімін орындау тоқтатыла тұрады.

Борышкерді міндеттемелерден босату

Борышкер арыз бергеннен бастап 6 ай өткен соң уәкілетті орган соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарылады және «электрондық үкімет» веб-порталына орналастырылады. Осы күннен бастап борышкердің арызда көрсеткен міндеттемелері тоқтатылады. Сонымен қатар, банкрот болған борышкерге сол күннен бастап 5 жыл ішінде қарыздар (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) берілмейді және ол адамдар кепіл бола алмайды.

Осы заңның аясында несие бойынша қарызы 1600 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын тұлғаларға жоғарыда көрсетілген шарттар сақталған жағдайда сотқа жүгінбей-ақ қарыздары кешіріледі. Бұл мемлекетіміздің өз азаматтарына жасап жатқан көмегі. Бірақ аталған заңды теріс пиғылды азаматтар пайдаланып, олардың өз қарыздарын кешіртуге жол берілмейді. Яғни, борышкер адамның төлем қабілеттілігі, өзінің атында немесе жұбайының атында ортақ меншік болып саналатын мүлкі бар-жоғы тексеріледі. Бар мүлкті қасақана басқа біреудің атына аудару сияқты фактілерге жол берілмейтіндігін ескеру керек. Сонымен қатар, жеке тұлғалардан алынған қарызға бұл заң қолданылмайды.

Ата-бабамыз «Қарыз алудан бұрын, береріңді ойла!» деп босқа айтпаған.

АБАЙ ОБЛЫСЫ

БАЛАҒА ЖАСАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ ЗАЯ КЕТПЕЙДІ

Отбасы – Отанның тірегі. Сондықтан, мемлекеттегі ең мықты қамқорлық, ең елеулі қолдау отбасының тыныштығын қорғауға, ана мен баланың қамсыз өмірін қамтамасыз етуге, әр жанұяның беріктігін сақтауға бағытталады. Мемлекеттегі керемет бағдарлама, айтулы жеңілдіктер де отбасының жағдайын жақсарту үшін, балалардың жайлы үйде тұрып, алаңсыз білім алуы үшін қолға алынып жатқаны белгілі.



Тимур ҚАПАНОВ,
Алматы облыстық атқарушылық округының
жеке сот орындаушысы

Алайда, осындай кешенді қамқорлыққа қарамастан неке бұзу деректері әлі күнге азаймай отыр. Кеше үйленіп, бүгін ажырасуға арыз жазатындар жиілеп барады. Ең сорақысы, ажырасу көбейген сайын бұл қауіпті үрдіс қалыпты жағдайға айналып барады.

Отбасының бұзылуына ерлі-зайыптылардың мінез-құлқының үйлеспеуі, тұрмыстық қиындық, ішімдік пен нашаға, құмар ойынға құмарлық, қызғаншақтық пен тұрмыстық зорлық-зомбылық негізгі себеп ретінде көрсетіледі. Осы қиындықтан қашқан ерлі-зайыптылар ажырассақ мәсе-

ле шешіледі деп санайды. Рас, ер азаматқа жаңадан отбасын құру, әйелге өзі ойлағандай жаңа өмір бастау қиын бола қоймас. Ал бұл шешімдері ортақ некеде өмірге келген балалардың тағдырына кері әсер етеді. Әкесі мен анасының екі жаққа кетуінен психологиялық, моральдық зиян шеккен балаларға қаржылық тұрғыдан да оңай соқпайтынын біз күнделікті тәжірибеден жиі көріп жүрміз.

Бұрынғы әйеліне деген өкпе-реніші баласының тағдырына теріс ықпал ететінін көп азаматтар түсінбейді. Балаға алимент бермеу үшін мекенжайын жасырып, жұмыс орнын, нақты табысын дұрыс көрсетпейтін, үй-мүлкін өз атына жазбай, туыстарының атына рәсімдеу арқылы заңдық мәжбүрлеу шараларынан жалтаруды көздейтіндер аз емес. Одан зардап шегетін жалғыз адам ол – өзінің баласы. Ал ажырасқаннан кейін кәмелетке толмаған ұл-қызына алимент төлеуге әрбір әке міндетті.

Бізде кейбір аналар алиментке арыз беруді жөн санамайды. Кейбіреуі әкесі міндеттемей-ақ балалардың нәпақасын беретін шығар деп үміттенеді. Бірақ, ондай заңды сыйлайтын, балалардың тағдырын ойлайтын азаматтар некен-саяқ. Оның үстіне, кең пейілдік танытқан әйелдер алимент – баланың қажеттілігіне керекті сома екенін түсінуі керек. Сонымен бірге, алимент міндеттелмеген соң өз жауаптылығын орындамаған кейбір әкенің кейін әрекетке қабілетсіз болып қалғанда баласынан алимент талап етуі ғажап емес. Мұндай жағдайда бала әкесінің алимент төлемегенін, қамқорлық көрсетпегенін дәлелдей алмауы мүмкін.

Әрине, алименттің сомасын екі жақты келісім арқылы бейбіт түрде белгілейтін де ерлі-зайыптылар бар. Бірақ, ажырасқаннан кейін сыйластықты сақтап, бала алдындағы жауапкершілікті теңдей

арқалайтындар көп дей алмаймыз. Мұндай келісім болмаған жағдайда алимент заңдағы тәртіппен белгіленіп, өндіріледі. Қамқорлығында бала қалған тарап сотқа арыз жазып, алименттің мөлшерін анықтауды сұрайды. Алимент көлемі баланың саны мен жауапкердің табысына тікелей байланысты. Алайда, сот отырысы болып, алимент көлемі белгіленіп, шешім шыққаннан кейін де міндеттемені орындамайтындар баршылық. Алиментті өндіру туралы сот актісі жеке сот орындаушының өндірісіне түседі. Дегенмен, талапкер сот бұйрығын өз қолымен алып, оның жеке сот орындаушыға жіберілгенін тексергені артықтық етпейді. Қазір жеке сот орындаушыларға қатысты ақпараттың барлығы қолжетімді. Өңірдегі жеке сот орындаушының кеңсесі қай жерде екенін, тікелей байланыс номерін палата сайтынан, әлеуметтік желідегі мәліметтер арасынан оңай табуға болады.

Ал жеке сот орындаушы ең алдымен өндірісіне түскен сот бұйрыған тіркеген соң жауапкердің қайда жұмыс істейтінін, кәсіппен айналысса, қандай кәсіп жүргізетінін, қандай мүлкі бар екенін анықтайды. Сондай-ақ, жауапкердің жұмыс орнына (егер жұмыс істесе) немесе тұрғылықты мекенжайына алиментті төлеу туралы хабарлама жібереді. Кейбір жұмыс орындағы есепшілер алиментті айлық түсе салысымен баланың шотына уақытылы аударып отырады. Ал егер хабарламаны алғаннан кейін жауапкер алиментті төлеуге талап жасамаса, қарызы үш айдан асып кетсе жеке сот орындаушы оның жылжытын, жылжымайтын мүлкіне тыйым салуға құқылы. Бұдан кейін де нәтиже болмаса жауапкер әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тартылып, ата-ана құқығынан айырылуы мүмкін. Ертеңін ойлаған ата-ана жағдайды мұндайға жеткізбей, ең алдымен бала алдындағы парызын орындағаны жөн.

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ӨЗЕКТІ



БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде ақпанның 6-15 күндері БҰҰ-ның Әлеуметтік даму жөніндегі комиссиясының (CSocD61) 61-сессиясы өтеді. Онда COVID-19 пандемиясынан қалпына келтіруді жеделдету және тұрақты дамудың 2030 күн тәртібін толық іске асыру үшін теңсіздіктерді еңсеру тәсілі ретінде барлығына толық және өнімді жұмыспен қамтуды және лайықты жұмыс орнын құру жайы қарастырылады.

163 елді біріктіретін Халықаралық кәсіподақтар конфедерациясы (ITUC) жыл сайын сәуірден наурызға дейінгі заңбұзушылықтарға талдау жасап, Еңбек-

шілер құқығын сақтаудың ғаламдық индекcін жариялайды. Онда Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларындағы жұмысшылардың құқықтарын қаншалықты

мойындап және олардың қорғалуын қаншалықты талап ететіні сарапталады. Бұл құқықтарға мәжбүрлі және балалар еңбегіне тыйым салу, сондай-ақ кәсіподақтар құру және ұжымдық келісімдер жасау құқығы кіреді. Индексте көрсеткіштеріне қарай 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша елдердің рейтингі жасалады. Атап айтқанда 1 – кездейсоқ құқықтардың бұзылуы; 2 – құқықтарды қайталап бұзу; 3 – құқықтардың тұрақты түрде бұзылуы; 4 – құқықтардың жүйелі түрде бұзылуы; 5 – құқықтарға кепілдік жоқ; +5 – байланысты құқықтардың кепілдіктері жоқ дегенді білдіреді. Мәселен, 2020 жылы Қазақстан 144 мемлекеттің арасында құқықтарға кепілдік жоқ 32 мемлекеттің ішінде жұмысшылар үшін ең нашар он елдің (Бангладеш, Бразилия, Гондурас, Египет, Зимбабве, Үндістан, Қазақстан, Колумбия, Түркия және Филиппин) қатарында аталды. Былтырғы индексте ең нашар ондықта болмағанымызбен (Бангладеш, Беларусь, Бразилия, Колумбия, Египет, Эсватини, Гватемала, Мьянма, Филиппин, Түркия) құқықтарға кепілдік жоқ 44 елдің қатарында тағы да қалып қойдық. Ал еңбек құқықтары кездейсоқ бұзылатын Швеция, Норвегия, Финляндия, Дания, Исландия, Германия, Австрия, Италия, Ирландия деңгейіне жету әзірге арман боп қалатын сияқты.

ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУДЕ ТҮЙТКІЛ КӨП

Бас прокуратураның мәліметіне қарағанда, былтыр прокурорлар уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп 68 кәсіпорынның 4 мың қызметкердің алдындағы 1,5 млрд теңге сомадағы жалақы бойынша борыштарын өтеуін қамтамасыз етті. Ал оның 1,1 млрд теңгеден астамы алғашқы жартыжылдықта жүзеге асқан. Мысалы, «Тамыр» ЖШС компаниялар тобы 243 қызметкерге 60 млн теңге қарыз болған. Солтүстік Қазақстан облысы прокуратурасының ұсынуы бойынша кәсіпорынмен қарыздар толығымен төленіп, ал жұмыс беруші ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлігі бойынша әкімшілік жауапқа тартылған.

Еңбек құқықтарының қорғалуында шетелдік жұмыс күшін тартатын субъектілердің де тура жолдан таятын кездері аз емес. Ондағы ең көп таралған заңбұзушылық – отандық және шетелдік мамандардың еңбегіне

ақы төлеудің теңгерімсіздігі болып отыр. Бұл бағытта анықталған заңбұзушылықтар бойынша 66 ұсыныс енгізіліп, 228 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 72 млн теңгеге айыппұл салынып, әкімдіктермен 266 рұқсат қайтарып алынды және 150 шетелдік азамат елден шығарылған.

Еңбек жағдайларының қауіпсіздігі мәселелерінде прокурорлардың актілері бойынша 30 мың жұмысшыға жалақыға үстемеақы белгіленді. 600-ден астам қызметкерге өтемақы төленіп, қорғау құралдарымен және арнайы тамақпен кезең-кезеңімен қамтамасыз ету басталды. 22 бірлік жабдықтың жұмысы тоқтатылып, 226 адам әкімшілік жауаптылыққа тартылған.

Осы арада «Ештен кеш жақсы» дегендей, былтыр жалақы бойынша берешекті жедел өндіріп алу үшін деректер алмасу жолға қойылғанын да айта кеткен жөн шығар. Сондай-ақ, дебиторлармен жұмыс жүргізіліп, борышкерлердің мүлкін іздеу жүріп жатыр.

Қазақстан еңбек құқығын қорғауда халықаралық конвенциялардың бәрін бірдей мақұлдап отырған жоқ.

Еліміз қазіргі таңда іргелі 8, директивалық 4 конвенцияның ғана толық қатысушысы болып табылады. Ал техникалық 178 конвенцияның тек 12-сін ғана мақұлдап отыр.

Атап айтқанда іргелі конвенцияларға: № 29 Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы конвенцияны бекіту туралы (1932); № 87 Қазақстан Республикасының Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау жөніндегі (1948); № 98 Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу құқығы принциптерін қолдану туралы (1949); № 100 Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы (1951); № 105 Мәжбүрлі еңбекті жою туралы туралы (1957); № 111 Еңбек және кәсіптер саласындағы кемсітушіліктер туралы (1958); № 138 Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы (1973); № 182 Балалар еңбегінің жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы (1999) конвенциялар кіреді. Директивалық конвенцияларға: № 81 Өнеркәсіп пен саудадағы еңбек инспекциясы туралы (1947); № 122 Жұмыспен қамту саласындағы саясат

туралы (1964); № 129 Ауыл шаруашылығындағы еңбек инспекциясы туралы (1969); № 144 Үшжақты консультациялар (халықаралық еңбек нормалары) туралы (1976) кіреді.

Ал Қазақстан қатысушысы болып табылатын техникалық конвенциялар ішінде: № 26 Ең төменгі жалақыны белгілеу рәсімін жасау туралы (1928); № 88 Жұмыспен қамту қызметін ұйымдастыру туралы конвенцияны бекіту туралы (1948); № 95 Жалақыны қорғау туралы (1949); № 135 Еңбекшілер өкілдері туралы (1971); № 148 Еңбекшілерді жұмыс орындарындағы ауаның ластануы, шу мен тербеліс салдарынан болатын кәсіби қауіптерден қорғау туралы (1977); № 155 Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы және өндірістік орта туралы (1981); № 156 Отбасылық міндеттермен еңбек ететін еңбекші ерлер мен әйелдерге арналған тең қарау және тең мүмкіндіктер туралы (1981); № 162 Асбесті пайдалану кезінде еңбекті қорғау туралы (1986); № 167 Құрылыстағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы туралы (1988); № 183 Ананы қорғау туралы 1952 жылғы (қайта қаралған) конвенцияны қайта қарау туралы (2000); № 185, 1958 жылғы конвенцияны қайта қарайтын теңізшілердің жеке куәліктері туралы (2003); № 187 Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына жәрдемдесетін негіздер туралы (2006).

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау кәсіподақ қызметінің басты бағыттары

2015 жылы қабылданған Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес:

1. Жұмыс берушінің және жұмыскерлердің не олардың өкілдерінің бастамасы бойынша 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылады. Оның құрамына еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, жұмыскерлердің өкілдері тепе-теңдік негізде.

2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесті 2 жылда 1 рет мерзімділікпен ротациялық негізде жұмыс

берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің арасынан кеңес мүшелері сайлайтын төраға басқарады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімдері жұмыс беруші және жұмыскерлер үшін міндетті.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес жұмыс беруші мен жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмыс орындарында еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексерулер жүргізуін ұйымдастырады.

5. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, олардың бақылауды жүзеге асыру тәртібі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен айқындалады.

Мемлекет басшысы былтырғы қыркүйектегі жолдауында: «Еңбекақыны нарықтағы жағдайға сай өсіру – халықтың әл-ауқатын арттырудың басты факторы. Мемлекет ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа тәсілін енгізеді. Бұл әдіс оның мөлшерін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мен ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді» деген еді. Алайда елдегі инфляция табыс пен шығыстың арасындағы алшақтықты жоя алған жоқ. Сондықтан жыл бастала салысымен жер-жерде жұмысшылардың бейбіт наразылығы қайта жалғасып, өндіріс орындарындағы апатты жағдай жиілей бастады. Бұл кәсіподақ ұйымдарының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бағытындағы өз міндетін тағы да толық орындай алмай отырғанын көрсетті.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚАЙРАН ДА СОЛ БІР ЖЫЛДАР-АЙ!..

**Жазушы, журналист Шарафадин Әмірді еске
алғанда**



1995 жылдың басында «Заң газетінің» сол кездегі Бас редакторы Марат Тоқашбаев ағамыз Алматы облыстық «Жетісу» газетінде істеп жүрген мені бірге қызмет етуге шақырып, Бас редактор Баймолда Мусинге арнайы хат жазды. Осылайша алғашқы сандары енді-енді жарық көріп, атағы аспанға шыға бастаған республикамыздағы бірден-бір құқықтық басылымның қызметіне араластым да кеттім.

Бұл кезде қалыптасып қалған үлкен ұжымның мүшелерінің ұзын саны алпысқа жуықтап қалған екен. Бұрын аты-жөнін «Алматы Ақшамы» басылымынан оқып қалып, сырттай ғана танитын Шарафадинмен де осы үлкен ұжымда жолықтым. Жақын танысып, тілшілік қызметті бірге атқарсақ та, жұмыстың қауырттығынан болар бір-бірімізбен қоян-қолтық араласып кете қоймадық. Аптасына отыз екі бет болып шығатын газеттің жұмысы шынымен-ақ, қарбаласқа толы еді. Сол қарбалас жұмыс бабының барысында бір-бірімізбен кейбір мәселелер жөнінде, әсіресе, «лездемелер» (летучкалар) кезінде жарияланған материалдарды талдау төңірегінде талассөздерге барып, керісіп те қалатын сәттер болмай қалған жоқ. Мұндай «қызылкеңірдектік» кейде Шарафадин екеуміздің де арамызда болып қалатын. Осылайша бір-екі жыл біте қайнаса қызмет атқардық. 1997 жылы Астана Алматыдан Ақмолаға ауысты да көп кешікпей мемлекеттік бас басылым «Егемен Қазақстан» газеті де сол жаққа қоныс аударды. Сол кездегі Бас редактор Уәлихан Қалижанның шақыруымен Шарафадин де сол үлкен ұжымға қосылып, Астанаға кетті. Жаңылмасам, 2001 жыл болу керек, бір күні жұмысқа келсем, ондағылар гу-гу әңгіме үстінде. Келіп жұмыс орныма жайғаса бергенімде, ұжымдағылардың бірі маған:

– Әй, естідің бе, бізге Шарафадин бастық болып келейін деп жатыр екен. Ертең әкеліп тағайындайды екен! – деп дауыстай тіл қатты. Бұл жаңалыққа мен де елең ете қалып, артынша сол кездегі Бас редакторы-

мыз Қасым Әзімханның өзі бәрімізге жария еткен соң барып сендік. Шынында да ертесі жоғарыдағы басшылардың бірі Шарафаддин Әмірді ұжымға әкеліп таныстырып, Бас редактор етіп тағайындады. Әрине кімді де болса, аяқ астынан жаңа бастық ауысқанда, «Енді не болар екенбіз?» деген тәрізді қобалжу билейтіні рас қой. Бұрын бірге қызмет істеген таныстығымыз болса да әрқайсысымыз біраз күндер бойы абайлап сөйлеп, аяғымызды байқап баса бастадық. Неге екені белгісіз көп ұзамай-ақ, арамыздағы танымал болып қалған жастары үлкен белгілі журналистеріміз өз өтініштері бойынша жұмыстан кете бастады да олардың орнын басқалар басты. Олардың кейбірін танымын, кейбірін алғаш көруім. Қойшы сонымен жиырма күндей уақыт өтті. Шындығы керек өз ішімізде бұрыннан бірге қызметтес болып келе жатқан әріптестеріміздің екі-үшеуі Шарафаддинмен бізден гөрі жақын таныс екенін білдіргісі келіп, оның кеңсесіне жиі кіргіштеп кетті. Тіпті, «лездеме» кезінде біразымызға әлгілердің ішіндегілер жөн-жосықсыз тиісе сөйлеп, өктемсі бастады. Сөйтіп, тағы да бірнеше адам өз еркімен жұмыстан кетті. Әлгілердің мазалауы мені де айналып өткен жоқ. Менің бір жаман әдетім – сөзбен жүйкеме тие берген адамға өзімнің бойымның шамалылығына қарамастан сөз айқасқа емес, қол айқасқа жол беріп алатынымда. Жасым ол кезде қырықты орталап қалса да, ашу деген пәлең мені оңай-ақ жеңе салатын. Сол ашудың үстінде біреуіне қолым тиіп кетсе, оның түбі мені жақсылыққа апармасы белгілі. Ондай сәт те ұзақ күттірген жоқ.

Газеттің келесі санына кететін материалды пысықтап жазып отырған ем, әлгілердің бірі қарсы алдыма келіп талтайып тұрып алды да: «Сенде оперативность жетіспейді! Жазу формаңды өзгерт! Стилң мүлде келмейді!...» қысқасы осылайша нұқи сөйлеп, жұмысыма кедергі бола бастады. Бұл «лекция» жүйкеме тиіп созыла түскен соң, мен қолымдағы қаламымды үстелдің үстіне атып ұрып, орнымнан тұрып кеттім де терезеге қадала қалып, әлгінің сөздерін естімегендей қалып танытып тұра бердім. Бірақ бойымда бұрқ ете түскен әзәзіл ашудан туған ұр да жық бір ой: «ал жағадан, жұмса жұдырық!»

дегендей ішімнен түртіп те өтті. Анау кетті-ау, әйтеуір! Кеткенде де сол сөйлеген бойы әдетінше бас редактордың кабинетіне кіріп кетті. Түсіндім. Сәлден соң қайта шықты да самбырлай сөйлеп, билеп-төстейтінін өктем дауысымен білдіріп, тағы бір кабинетке кіріп бара жатты. Әзірлеп жатқан материалыма қатысты ойларым ойрандалып, әлгінің манағы сөздерінен қаным басыма шапшып, пендәуи ой арпалысымен терезеден тысқа көз салып біраз үнсіз тұрып қалдым. Шынында да жұмыс ауанында мынадай жүйкеге тиер жағдай орын алғанда, қаламыңның жүрмей қалатыны белгілі ғой. «Жоқ, бұлай болмайды. Вулканның үстінде отырғандай күй кеше бермей, әрі қарайғы тірлігімнің басын ашып алуым керек!» деген ойға берік бекіндім де, бас редактордың кабинетіне кіріп бардым. Жалғыз өзі ғана отырған Шарафаддинге есіктен кіре бере:

– Оу, Шараф, хал жақсы ма? Шақырусыз кіргеніме ренжіме, – дей беріп едім, ол да орнынан өре түрегеліп:

– Келіңіз, Шәке, келіңіз! – деп қарсы алдындағы орындыққа отыруымды ізетпен меңзеді. Бұрын Марат Тоқашбаев ағамыз ұжым мүшелерінің бәрі де бір-бірімен «сіз» деп сыпайы сөйлесуі керектігін бойымызға сіңірген. Сол әдептілікті әлі ұмытпағанын байқатты. Оның «Не мәселемен келдіңіз?» деген сұрағын күтпестен-ақ мен сөзді төтесінен бастап:

– Шараф, несін жасырайын, осы газетке еңбегі сіңген бірі аға, бірі іні әріптестеріміз жұмыстан кетті. Әрине, мен олардан артық емеспін, мүмкін менің де «чемоданымды жинай беруіме» тура келетін шығар? – дедім сыпайы түрде. Осы сәт оның жүзіне таңданыспен реніштің белгісі бірден пайда болып:

– Оу, Шәке, бұл не дегеніңіз? Мен сізді аға тұтып жүрсем, бір жағымды ойсыратпақсыз ба? Білем сізге жұмыс табудың аса қиынға соқпайтынын. Мына сөзіңізді мен естімедім деп есептейін, – дегені. Бойымдағы манағы реніш пен ашу әп сәтте ғайып болып, бірден жадыраған мен:

– Ә, болды онда! Сөз тәмам! – деп орнымнан атып тұрып, шын ризашылығыммен оған оң қолымды созып, алақанымды ұсындым. Бір сәт екеуміз риясыз көңілмен

бір-біріміздің қолымызды нығыз қысысып тұрдық.

Түрлі мінездер тоғысқан үлкен ұжымда бәріміз біте қайнасып, осылайша еңбек жолымыз жалғаса берді.

2004 жылдың мамыр айының соңғы күндерінде Шымкент қаласында ғаламат ақын Төлеген Айбергенов атындағы көшеге оған арналып мемориалдық тақта орнатылатын болып, Шарафаддин және қарақалпақстандық қарт журналист Қайбулла Ерниязов үшеуміз Алматыдан автокөлікпен шықтық. Төлегеннің өлеңдерін жатқа оқитынымды білетін Шарафаддин мені сол салтанатқа қатысуымды жөн көрді. Бардық. Ақын Мұхтар Шаханов, Төлеген Айбергеновтың жары, (ол кезде көзі тірі) Нұрниса жеңгеміз, қызы Салтанат және бір топ жырсуіер қауым қатысқан мәдени шара өте әсерлі өтті. Алматыға орала сала сол мәдени шара жайлы жазған менің көлемді мақалам газеттің кезекті санында жарық көріп те үлгерді. Сол күні әлдебір себептермен жұмысқа жарты сағаттай кешігіп әзер жеттім. Жұмыста біраз бұрын «бақылаушы» деген лауазым пайда болып, әлгі «қызмет» иесі кірер есіктің көзінде тұрып алады да, жұмысқа кімнің қай кезде келгенін, қай кезде қайда шыққанын қалт жібермей аңдып жазып отырады, жазып қана қоймайды жинаған мәліметі лезде басшыларға жетіп отырады. Бес-он минут кешіккендерді қалт жібермейтін бақылаушы жарты сағат кешіккен мені қалай байқамасын. Ішке ене бергенім сол еді, ол маған дікеңдей сөйлеп, «тергеуге» ала бастады. Жас шамамыз қарайлас әрі бұрыннан сыйласып жүруші едік, мына «қызмет» оны да өзгертіп жіберсе керек. Қойшы сонымен әлгі бақылаушым «Докладной жазам!» деп зіркетті де, онысын әп-сәтте жаза қойды. Әрине «жазбасын» бас редакторға жеткізді. Көңілісздеу келіп, жұмысыма кірістім. Арада он-он бес минут өтпей-ақ бақылаушы қасыма жетіп келіп: «Бастық шақырады! Жүріңіз!» – деді қатқыл үнмен. «Дәл бұл үшін жұмыстан шығарып жібермес!» деген ойды медеу тұтып, әлгінің соңына еріп, бастықтың кабинетіне кіре бердік. Кіріп келгенімізде, оқып отырған газетінен көзін алып, жүзін бізге бұрған Шарафаддин бірден:

– Оу, Шәке, менің Төлеген ағам туралы керемет жазыпсыз. (Төлегенді ағам дейтін себебі екеуі бір ауылдан және Табын руынан еді) Жаңа ғана Салтанат (Төлеген Айбергеновтың қызы) қатты ризашылығын білдіріп, шайға шақырды. Барып қайтайық, – деп шын риза болған кейіппен менің қолыма «О, Адамдар, біргемін мен сендермен!» деп аталған тақырыбы ірі әріптермен терілген мақалам басылған газетті ұсына берді. Мен де бақылаушы пәлеге сөз кезегін жеткізбеуді ойлап, әңгімені жандандыра түсіп:

– Шараф-ау, Төлеген жайлы жақсы дүние жазбау күнә ғой. Күнәлі болып қалмау үшін барымды салдым, – деп ем ол да қалыспай:

– Әй онда, бір күнәң азайған екен, кеттік Салтанаттың шайына, – деп жинала бастады. Осылайша әлгі бақылаушы өз «белсенділігінің» нәтижесіз қалғанын сезіп, соңымыздан елеусіз ғана қалып қойды. Мен Салтанаттың шайына баратыныма бір қуансам, бақылаушының пәлесінен құтылғаным екі қуанып, «уфф» – деп, бойым жеңілденіп сала берді.

Биылғы жылдың алғашқы күндерінің бірінде әлеуметтік желілерден Шарафаддиннің өмірден өткені жайлы қаңтардың аясындай бір суық хабар тарағанда, жолдан шаршап келгеніме қарамастан өзіммен байланысын үзбеген Қайрат Жолдасов ініме телефон шалдым. Үнінен қобалжу байқалған ол мән-жайды жеткізді. Сол күні кешке Қайрат және Астанадан жеткен Қанафия үшеуіміз қонақасына бардық. Ойыма оның «О, Адамдар, біргемін мен сендермен!» деген Төлеген ағасының сөзін қайталап, менің мақалам шыққан газетті ұстап тұрғаны орала берді. Әрине бірге қызмет атқарған ол жылдардан айта-айта жүретін қызықты жәйлар көп-ақ. Айтыла береді. Ондайда «Қайран да қайран жылдар-ай!» деп еріксіз күрсінетінің тағы рас. Иә, бүгін міне Шарафаддиннің де жамбасы жерге тигеніне қырық күн болып қалыпты-ау!

Жаны жәннатта болсын!

Шаяхмет АЛЖАМБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, «Қазақстанның
Құрметті журналисі»

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.3.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.3.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 5. Таралым 1012.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»